БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 235 (9812) 1955 жылғы 27 ноябрь Жексенбі | Шығуына 36 жыл. Жеке саны 20 тиын.

*Қазақстан КП Орталық Комитетінде*

## Алматы облысындағы Қаскелен астық совхозында XX съезд құрметіндегі социалистік жарысты өрістету туралы

Қазақстан КП Орталық Комитеті Қаскелен астық совхозы партия ұйымының секретары Ягодкин жолдастың және осы совхоздың директоры Кошельный жолдастың хабарын тыңдап, жаңа шаруашылықтың жұмысшылары мен қызметшілері коллективінің КПСС XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, күрделі және тұрғын үй құрылысында, ауылшаруашылық жұмыстарын өткізуде және жаңадан қоныстанушыларға заттық-тұрмыстық жағдайлар жасауда едәуір табысқа жеткендігін атап көрсетті.

Совхоз күзгі егіс жоспарын артығымен орындады, дәнді дақылдарды қысқа мерзімде жиынап алды және мемлекетке астық тапсыру жоспарын 162 процент орындады, 1956 жылдың егісіне тұқымды толық құйып алды, барлық егіс алаңындағы сабанды жиынады және маялады. Күрделі құрылыстың жылдық жоспары 1 ноябрьге дейін 104,7 процент орындалды. Асхана, 2 магазин, нан пісіретін орын, астық қоймасы, моншa, тұрмыстық қамту комбинаты, 3 қой қорасы, ұста дүкені, ағаш шеберлерінің мастерскойы салынды. Жетіжылдық мектеп, аурухана, почта, балалар бақшасы мен яслилер жұмыс істейді. 2574 шаршыметрлік құрылыс пайдалануға берілді. Мұнымен бірге, совхоз коллективі қосымша 8 мың шаршыметрлік тұрғын үй алаңын пайдалануға беруге міндеттеме алды.

Жергілікті құрылыс материалдары кеңінен пайдаланылуда, мұның өзі құрылыстың өзіндік құнын анағұрлым арзандата түсуде. Коллектив совхоз орталығын көгалдандыру жөнінде де зор жұмыстар жүргізіп отыр.

Совхоздың партия, кәсіподақ ұйымдары мен дирекциясы КПСС XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты басқара отырып, шаруашылықтың жұмысшылар мен қызметшілер коллективін январь Пленумының қаулысын мерзімінен бұрын орындау, құрылысты тез аяқтау және Іле астық совхозымен социалистік жарыс-

Мұнымен бірге, Қазақстан КП Орталық Комитеті мынаны атап көрсетті: совхоз партия ұйымы мен дирекциясының жұмысында елеулі кемшіліктер де бар. Қоғамдық мал қоралармен толық қамтамасыз етілмеген, жемшөп қыстауларға тасылмаған, жемшөпті малға берер алдында әзірлеу нашар ұйымдастырылған, сүрлем осы уақытқа дейін пайдаланылмай жатыр. Мұның салдарынан совхозда сүт өнімі өте төмен.

Совхоз дирекциясы мен партия ұйымы Алматы қаласының халқын картоппен және овощыпен қамтамасыз ету үшін олардың өндірісін шұғыл ұлғайтудың осы уақытқа дейін ешбір шарасын белгілемеген және бұл жөнінде тиісті жұмыс жүргізбей отыр. Күрделі жөндеу жұмысын жүргізетін мастерскойдың, сиыр қоралары мен шошқа қораларының құрылысын тез аяқтауға көңіл бөлінбей келеді. Жол құрылысының жүргізілуі де қанағаттанғысыз. Механизаторлардың алдыңғы қатарлы тәжрибелері сирек таратылып келеді.

Қазақстан КП Орталық Комитеті Қаскелен астық совхозы коллективінің КПСС XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты өрістету жөніндегі жұмысын мақұлдады және совхоздың партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары мен дирекциясын өздерінің алған міндеттемелерін орындау жөніндегі коллектив жұмысының игі нәтижесін баянды етуге, КПСС XX съезін лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістетуге, коллективті қысқы мерзімде өндірістік объектілер мен тұрғын үйлердің құрылысы қарқынын күшейтуге, мал қыстатуды үлгілі өткізуге және көктемгі егіске тыңғылықты әзірленуге жұмылдыруға міндеттеді. Совхоздың таңдаулы адамдарының алдыңғы қатарлы тәжрибелерін қабырға газеті, Құрмет тақтасы, витрина арқылы кеңінен көрсету және тарату тапсырылды. Қаскелен астық совхозы партия ұйымының бюросы, директоры 1956 жылы ас-

# Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің Индияда болуы

БОМБЕЙ, 23 ноябрь. **(ТАСС-тың арнаулы тілшісінен).** Кеше Пенджаб штатының губернаторы Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевтің және олардың қасында жүрген адамдардың құрметіне үлкен қабылдау өткізді. Қабылдау кезінде советтік қонақтарға Пенджабтың көптеген қайраткерлері келіп, олармен жылы жүзді әңгімелесті.

Пенджаб штатының ауыл шаруашылығы және өркендеу мәселелері жөніндегі министрі С. П. Кайрон Н. С. Хрущевтің қасына келіп, губернаторда берілген таңертеңгі қонақасыда сөйлеген сөзі үшін оған алғыс айтты.

—Біз, —деді ол, — жеңіп алынған бостандықты қорғау қажеттігі жөнінде айтқан сіздің достық тілектестеріңізді жоғары бағалаймыз. Сіздердің ауыр өнеркәсіпті өркендетуге зор көңіл бөлетіндігіңізді және бізге де соны істеуге кеңес беретіндігіңізді біз білеміз. Біз мұнымен толық келісеміз. Ауыр өнеркәсіпсіз тәуелсіздікті нығайтуға болмайды, бейбітшілікті баянды етуге болмайды. Совет Одағы қазірдің өзінде қуатты ауыр өнеркәсіп құрды, Қытай қазіргі кезде ауыр өнеркәсіпті дамытып келеді, ал егер Индия қуатты ауыр өнеркәсіпті өркендетсе, онда бейбітшілікті бұзуға ешкімнің де батылы бармайтын болады.

—Ешкімнің де! —деп қуаттады Н. С. Хрущев.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев, бүгін таңертең Пенджаб штатынан жүріп кетті. Амбала станциясында олар арнаулы поездан түсіп, самолетке отырды, Гималайдың оңтүстік бөктеріне жақын маңынан самолетпен ұшып, Уттар Прадеш штатының солтүстігіндегі Тарай ауданына келді.

Осында Индия үкіметінің 1948 жылы қабылданған қарары бойынша жуық арада ғана ит тұмсығы өтпейтін қалың ну орман өскен, «құрыған жер» деп есептелген өте көлемді құнарлы жерлер ауылшаруашылық дақылдарын өсіру үшін игеріле бастаған болатын.

1948 жылы осы ауданда бұрын жарамайды деп тасталған немесе жыртылмаған 40 мың гектардай жер 4200 босқындарға, бұрынғы әскери қызметшілерге, жері жоқ жұмысшыларға бөлініп берілді. Нәтижелі мелиорация жұмыстары жүргізілді. Ит тұмсығы өтпеген орман адамның ырқына көніп, шегінуге мәжбүр болды.

Кейінірек осы ауданда Индиядағы аса ірі Арай мемлекеттік ауылшаруашылық фермасы ұйымдастырылды, қазір оның 6500 гектар жері бар. Бұл ферма табысты шаруашылық қана емес, сонымен қатар егіншілік пен мал шаруашылығының, әсіресе жерді механизмдермен өңдеудің ең жаңа озат әдістерін насихаттаудың орталығы болып отыр. Ферманың 80 тракторы мен басқа да 30 ауылшаруашылық машиналары бар. Ферманың егіс даласында, бидай, қант тростнигі, бұршақты дақылдар, арпа және жүгері өсіріледі.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевке Барейли қаласына жақын жердегі аэродромда жылы шырайлы қарсы алу көрсетілді. Оларды Уттар Прадеш штатының бас министрі Сампурнананд пен штаттың басқа да ресми адамдары қарсы алды. Аэродромға жиналған Барейлидің тұрғындары қонақтарды қызу құттықтады. Аэродромнан фермаға апаратын жолдың бойында қонақтарды қуанышпен құттықтаған халық сығылыса толып тұрды.

Ферманы аралаған кезде Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевке ферманың директоры Х. С. Сандхун түсініктер берді. Ферманы аралауды аяқтағаннан кейін Н. С. Хрущев пен Н. А. Булганин Барейлиге жақын аэродромға қайтып келіп, Бомбейге ұшып кетті.

Индияны аралаған кезде Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев жолдастардың қасында Индия үкіметінің өкілі —өнеркәсіп министрі Н. Канунго, СССР -дің Индиядағы Елшісі М. А. Меньшиков және Индияның СССР-дағы Елшісі К. П. Ш. Менон болып, олармен бірге жүрді.

# Н. С. Хрущев пен Н. А. Булганиннің Бомбейге келуі

## АЭРОДРОМДАҒЫ КЕЗДЕСУ ЖӘНЕ ҚАЛАДАҒЫ МИТИНГ

БОМБЕЙ, 23 ноябрь. **(ТАСС-тың арнаулы тілшісінен).** Хрущев пен Булганин жолдастар түстен кейін самолетпен Уттар Прадеш штатынан Бомбейге ұшып барды. Мұндағы Санта Круз аэродромында оларды көптеген ресми адамдар мен халықтың өкілдері қарсы алды.

Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев Бомбей штатының бас министрі М. Десаймен бірге Индия соғыс- теңіз күштерінің құрметті қарауылының алдынан өтті. Совет Одағы мен Индияның гимндері орындалды.

Мұнан кейін арнаулы мінбеде тұрып, штаттың бас министрі М. Десай қонақтарды құттықтады. Ол былай деді:

Ұлы Мәртебелілер, Сіздерді Бомбей қаласында құттықтағанымызға біз өте қуаныштымыз. Индияда болған аз уақыттың ішінде сіздер біздің астанамызды, біздің еліміздің кейбір басқа қызықты жерлерін көрдіңіздер. Бүгін сіздер Бомбейге келіп тұрсыздар. Бомбей — Индияның барлық провинцияларының, дүние жүзіндегі әртүрлі елдердің өкілдерін кездестіруге болатын қала. Сіздердің бұл барлық жерге даңқы жайылған қалаға келулеріңіз— Бомбейдің азаматтары үшін зор қуаныш.

Біздің Премьер-Министріміз Джавахарлал Неру жуырда сіздің ұлы елге барып қайтты. Бұл сапардың нәтижесінде Индия мен Россия халықтары неғұрлым тығыз қарым- қатыс орнату үшін болған мүм-

Қымбатты достар,

Достықпен және жылы шыраймен қарсы алғандарыңыз үшін Сіздерге шын жүректен рахмет айтамыз. Мен және Никита Сергеевич Хрущев, сол сияқты сіздерге келген достардың бәрі даңқты Бомбей қаласының барлық азаматтарын қуанышпен құттықтаймыз.

Сіздердің тамаша қалаңыздың тарихы бізге әбден белгілі. Мұнда Индия халқының ұлттық тәуелсіздікті қалпына келтіру жолындағы ұйымдасқан қозғалысының бастамасы салынған болатын. Сіздердің қалаларыңыз дүниежүзілік транспорт және өнеркәсіп орталығы ретінде, ұлттық мәдениет пен ғылымның орталығы ретінде баршаға мәлім.

Сіздердің тамаша қалаларыңыз республиканың экономикалық және мәдени дамуында қандай маңызды роль атқаратынын біз жақсы білеміз. Міне сондықтан да даңқты Бомбей қаласында болу, оның тұрғындарымен, олардың экономикалық, мәдени және ғылми салалардағы жетістіктерімен танысу біз үшін ерекше ұнамды.

Бомбей қаласының тұрғындарына Совет Одағы халықтарының достық және жалынды сәлемін тікелей жеткізіп отырғанымызға біз өте қуаныштымыз.

Қымбатты достар, жылы шыраймен және достықпен қарсы алғандарыңыз үшін сіздерге тағы да алғыс айтамыз.

Н. А. Булганиннің сөзін жұрт ду қол-

### *Бомбей қаласы мэрінің адресі*

Ұлы Мәртебелілер.

Біздер, Үлкен Бомбейдің муниципалдық корпорациясының барлық мүшелері, азаматтардың тапсыруы бойынша Сіздерді шын жүректен құттықтаймыз. Сіздердің біздің арамызда болғандарыңызға, Сіздер арқылы Россияның халықтарына өзіміздің игіліктерімізді жеткізуге мүмкіндік алып отырғанымызға қуаныштымыз. Біз Сіздерді ұзақ естен шығармаймыз деп сенім береміз. Біз Сіздерді ұлы халықтың, 40 жыл ұдайы жүргізген батыл күресі біздің масаттануымызға себеп болған халықтың өкілдері деп құттықтаймыз. Сіздердің елдеріңіз шетел агрессиясына қарсы көптеген тамаша шайқастарда ұтып шықты. Сіздердің дүниежүзілік аренада ұлы держава ретіндегі істеген істеріңіз шын мәнісінде орасан зор оқиға болып табылады. Соншалық көп нәубеттерді басынан өткізген халықтың бейбітшілік жолымен алға басуға ұмтылатындығы мүлде айқын. Біздің Премьер- Министріміз Нерудің Индия тәжрибесі негізінде тұжырымдаған бейбіт қатар өмір сүрудің бес принципіне Россияның да қосылуы ойдағыдай қатар өмір сүру үшін өте қолайлы халықаралық жағдай туғызды. Біздің екі елдің арасындағы достықтың түйіндері Индияда бостандық орныққан кезден бастап нығайып келеді. Біз Россия халқының біздің Премьер- Министріміз ол елге барған кезде оны қалай қызу құттықтағанын көрдік. Сіздердің Индия-

көрнекті еңбек сіңірдіңіз. 1947 жылғы мартта Сіз СССР Қарулы Күштері Министрі және СССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасары болып тағайындалдыңыз, ал 1953 жылғы мартта Сіз СССР Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Совет Одағының Қорғаныс Министрі болып тағайындалдыңыз. Сіздің еліңіз Сізге Социалистік Еңбек Ері атағын берді, Қызыл Ту, Суворов, Кутузов және Қызыл Жұлдыз ордендерімен наградтады. 1955 жылғы 8 февральда СССР Жоғарғы Советінің сессиясында Сіздің Министрлер Советіне Председатель болып сайлануыңыз Сіздің аса көрнекті қызметтеріңіздің шыны болды және Россия халқының Сізге деген сенімінің айғағы болды.

Біздің қаламыз Сізді, Хрущев мырза, екінші аса көрнекті совет қайраткері деп құттықтайды. Жұмысшы семьясында туып, Сіз өзіңіздің барлық күш- жігеріңізді ұлы іске арнадыңыз, сөйтіп, өз халқыңыздың сеніміне, құрметіне және сүйіспеншілігіне ие болдыңыз. Сіз өзіңіздің жолыңызды Донбастың шахталарының бірінде жұмыс істеуден бастадыңыз және азамат соғысы кезінде Оңтүстік майданында ерлікпен шайқастыңыз. Сол уақыттан бері Сіз өз еліңізде көптеген маңызды және жауапты істер атқардыңыз. Дүниежүзілік екінші соғыстың кезінде Сіз Киев округі Соғыс Советінің мүшесі болдыңыз.

күреске жұмылдырды.

Партия мен үкіметтің қаулысын ойдағыдай орындауға және КПСС XX съезін лайықты қарсы алуға жұмысшыларды жұмылдыруда коммунистердің өздері үлгі көрсетіп отыр. Тракторшы Тихонов, тіркеуші Бухвалов, шоферлар Мещаников, Зыков, трактор бригадаларының бригадирлері Моторин, Татаркин және құрылыс бригадаларының бригадирлері Бачиев, Бондарь және көптеген басқалары да өндірістік тапсырманы үнемі артығымен орындап жүр.

Мұның нәтижесінде көп көрсеткіштер бойынша Қаскелең совхозы Іле совхозынан алда келеді, ал совхоз құрылысшыларының коллективі облыстағы жаңа совхоздар мен МТС-тердің құрылыстарын жүргізетін құрылысшылар арасындағы социалистік жарыста үшінші рет үздік шықты, сөйтіп облыстық партия комитеті мен атқару комитетінің Ауыспалы қызыл туын алды.

Дирекция, партия ұйымы, кәсіподақ және комсомол ұйымдары жаңадан қоныс аударушыларға қажетті заттық-тұрмыстық жағдайлар туғызу жолымен оларды тұрақтандыру мәселесіне зор көңіл бөліп келеді. Олардың көмегі және күнбе-күнгі көңіл бөлуі арқасында 73 жұмысшы өздеріне жеке үй салып алды, 110 жұмысшы өздерінің огородтарында овощьтан жақсы өнім өсірді, көптеген семьялар малды болды, барлық жұмысшылар мен қызметшілер пәтерлерге орналастырылды, картоппен, овощьпен, отынмен қамтамасыз етілді.

Совхозда партиялық-саяси және үгіт-бұқаралық жұмыстар тыянақты жүргізіледі. Жұмыстың жеке участоктеріндегі өндірістік жұмыстың нақтылы мәселелері партия жиналыстарында үнемі талқыланып тұрады, кемшіліктер қатты сынға алынады және оларды жою жөнінде кезінде шаралар қолданылады. Социалистік жарыстың қорытындылары жұмысшылардың жиналыстарында және бригадалық өндірістік кеңестерде талқыланады.

Совхоздың басшы қызметкерлері мен мамандары партия мен үкіметтің қарарларын түсіндіріп, жұмысшылар алдында баяндама жасап отырады және коллективтің күшін ауылшаруашылық жұмыстарын және құрылыс жоспарын кезінде, сапалы орындауға бағыттайды.

тық өндіруді арттырумен бірге, мал шаруашылығы өнімдерінің, картоп пен овощьтың өндірісін шұғыл ұлғайтуға шешуші шаралар қолдануға тиіс.

Совхоз директоры Кошельный, партия ұйымының секретары Ягодкин және жұмысшылар комитетінің председателі Драчев жолдастардың мына сөздері еске алынды:

1956 жылғы 1 январьға дейін трактор, тіркеу саймандарын жөндеу, егіске тұқым әзірлеу аяқталады;

осы жылғы 1 декабрьге дейін қыстауларға жемшөп тасу аяқталады, сиырларды күту және бағу жақсартылады және сүт өнімін шұғыл арттыруға жетісіледі.

Қазақстан КП Орталық Комитеті совхоз дирекциясымен партия ұйымын совхоз ішіндегі жол құрылысы жұмысын жақсартуға және 1956 жылдың алғашқы жартысында совхоздан Шамалған станциясына дейін жақсы жол салуға міндеттеді.

Қаскелең астық совхозының қала маңындағы аймаққа орналасқандығы ескеріліп, Қазақ ССР Совхоздар министрлігіне, Алматы облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетіне картоп пен овощь өндірісін мейлінше ұлғайту, өнімді көп беретін сүттік мал шаруашылығын, шошқа және құс шаруашылығын ұйымдастыру жөнінде бір ай мерзім ішінде мәселе қарау және нақтылы шаралар белгілеу тапсырылды.

Алматы облыстық атқару комитетіне (Ильяшов жолдас) Қаскелең астық совхозына жыртуға жарамды қосымша 10—15 мың гектар жер кесіп беру жөніндегі мәселені қарау және шешу тапсырылды. Республиканың Министрлер Советіне (Слажнев жолдасқа) Қаскелең совхозында суармалы алаңды ұлғайту және совхозды «Қазақэнергоның» Алматы энергетикалық жүйесіне қосу үшін Қаскелең өзенінде плотина құрылысын жүргізу жөніндегі мәселені қарау және шешу ұсынылды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті облыстық, аудандық партия комитеттері мен совхоздардың партия ұйымдарын осы қаулыны совхоздардың, МТС-тер мен колхоздардың партия жиналыстарында талқылауға, сөйтіп КПСС XX съезін лайықты қарсы алу үшін социалистік жарысты онан әрі өрістетуге шаралар қолдануға міндеттеді.

жемісін пайдалана алды. Сіздердің Индияға келулеріңіз екі елдің арасындағы достық қатынастарды онан сайын нығайтуға жәрдемдеседі.

Индия бейбітшілік идеалдарына әрқашан да сеніп келді және зорлық-зомбылыққа қарсы тұрды, ал біздің мемлекетіміздің атасы Махатма Ганди бізге дүние жүзіндегі барлық халықтармен достық сақтаңдар деп өсиет еткен болатын. Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік сақтауды тілейтін халықтар панча шила принципіне сенетіндігін білдірді; сіздердің ұлы және қуатты халықтарыңыз да сол халықтардың бірі болып отыр.

Индия халқы халықтар арасындағы бейбітшілік пен өзара түсінісу біздің бәріміз үшін прогресті қамтамасыз етеді деп, сонда бүлікшілікке жол берілмейді деп сенеді. Біз Индия мен Россияның арасындағы достық дүние жүзіндегі әртүрлі елдердің арасында достық байланыстар орнатуға едәуір дәрежеде себепші болады деп және адамзаттың игілікке жетуін қамтамасыз етеді деп сенеміз. Мен мұның өзі бізді бейбітшілік заманына, бүкіл дүние жүзінің гүлденуіне жеткізеді деп сенемін. Бомбей қаласында сіздерді тағы да шын жүрекпен құттықтаймын.

Н. А. Булганин жолдас бас министрдің құттықтауына жауап бере келіп, былай деді:

қонақтарды қарсы алды.

Мұнан кейін қонақтар мен олардың қасында жүрген адамдардың машиналары аэродромнан стадионға дейін 20 километр жол жүрді. Мұнда советтік қонақтардың құрметіне қалалық митинг болуға тиісті.

Бомбей Н. С. Хрущев пен Н. А. Булганинді зор ықыласпен қарсы алды. Тас жолдың және қаладағы көшелердің бойында Бомбей азаматтарының ондаған қатар болып тізіліп тұрмаған бірде-бір бос жері болған жоқ. Олар қолдарына Совет Одағы мен Индияның жалауларын ұстаған. Советтік қонақтар келе жатқанда үздіксіз мынадай ұрандар салынды: Қош келдіңіздер! Бейбітшілік жасасын! Индиялықтар мен орыстар —туысқандар! Барлық жерлерде құттықтау ұрандары ілінген. Қаладағы алаңдардың бірінде Н. А. Булганиннің, Н. С. Хрущевтің және Дж. Нерудің портреттері орнатылған.

Қонақтар мінген машиналар тізбегі Бомбейдің прожекторлармен жарқыраған Патель атындағы стадионына келіп жеткен кезде қараңғы түсе бастаған еді. Мұнда кемінде 200 мың адам жиналған. Жиналғандар Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущевті қызу құттықтады. Митингіні Бомбей қаласының мэрі Н. Пупала ашты. Ол Бомбей қаласының советтік қонақтарға адресін жариялады.

ға келулеріңіз екі елдің арасын өзара қолайлылық жағдайда онан сайын жақындастыра түсетініне біз сенеміз. Біз Ұлы Мәртебелі Сіздерді өз халқының лайықты басшылары және адал қызметшілері деп құрметтейміз. Сіз, Булганин мырза, өзіңіздің аса көрнекті сапарларыңыз бен өз еліңізге берілгендігіңіздің арқасында жоғары міндет атқаруға көтерілдіңіз. Сіз аса көрнекті ұзақ қызмет жолынан өттіңіз. Оны 22 жасыңызда, революциялық қозғалыс дәуірінде бастап, Сіз өз еліңізді дамытуда аса көрнекті роль атқардыңыз. Сіздің 1931 жылдан 1938 жылға дейін Москваның мэрі болғандығыңыз біздің корпорацияға өте-мөте ұнады, өйткені бұл факті біздің екі қаланың арасындағы туысқандық байланыстар орнатады. Сіз дүниежүзілік екінші соғыста өз еліңізге

1952 жылы Сіз Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Президиумының Мүшесі болып және сол Комитеттің секретары болып сайландыңыз. Кәзір Сіз СССР Жоғарғы Советі Президиумының ең тәжрибелі және құрметті мүшелерінің бірі болып табыласыз. Сізге риза еліңіз Сізге зор награда —Ленин орденін, Суворов орденін, Еңбек Қызыл Ту орденін берді, ал 1954 жылғы апрельде Сіздің 60 жылдығыңызға байланысты Сізге Социалистік Еңбек Ері атағын берді. Мен Сіз үшін біздің қалада және біздің елде болу ұнамды болады деп сенемін. Сіздердің мұнда келулеріңіз бейбітшілік үшін, адамзаттың бақыты үшін күресте бірлесіп, күш жұмсауыңызды онан сайын нығайта түседі деп үміт етемін.

* * *

Мұнан кейін СССР Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин сөз сөйледі. Жиналғандар оны қызу қолшапалақтап қарсы алды.

## Н. А. БУЛГАНИН жолдастың сөзі

Мэр мырза!

Қымбатты достар!

Маған өзімнің атымнан, Никита Сергеевич Хрущев жолдастың атынан және бізбен бірге Индияға келген достардың атынан, көп миллиондаған совет халқының атынан Сіздерге жалынды сәлем жолдауға рұқсат етіңіздер. Совет халқының өкілдеріне деген өздерінің достық, сүйіспеншілік сезімдерін білдіру үшін осында келген сіздердің тамаша қалаларыңыздың көп мыңдаған азаматтарына, Сіздерге шын жүректен алғыс айтамын. Мұндай қарсы

(Соңы 2-бетте).



ИНДИЯ. 1955 жылдың 20 ноябрінде Индия Республикасының Президенті Раджендра Прасад СССР Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин мен СССР Жоғарғы Советі Президиумының Мүшесі Н. С. Хрущевтің құрметіне үлкен қабылдау жасады.

СУРЕТТЕ: Индия Президентінде болған қабылдау кезінде Президент сарайындағы бақшада.

**(ТАСС-тың фотохроникасы).**

## Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің екінші сессиясын шақыру туралы

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің атқару комитеті облсовет депутаттарына мынаны хабарлайды: еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің екінші сессиясы (бесінші шақырылуы) қалалық партия комитетінің кітапханасында, үстіміздегі жылғы 30 ноябрьде таңертеңгі сағат 11-де өткізіледі.

**ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ АТҚАРУ КОМИТЕТІ.**

# Н. С. Хрущев пен Н. А. Булганиннің Бомбейге келуі

## АЭРОДРОМДАҒЫ КЕЗДЕСУ ЖӘНЕ ҚАЛАДАҒЫ МИТИНГ

(Соңы. Басы 1-бетте).

алу совет халқының бұл үлкен қалада жақсы достары көп екенін, олар екі халықтың арасындағы достықты бағалай білетінін айқын көрсетеді. **(Ду қолшапалақтау).**

Совет адамдары Бомбей қаласының атын жақсы біледі. Біз оны қазіргі заманның зор қаласы деп, аса ірі өнеркәсіп орталығы деп, ғылым мен мәдениеттің маңызды ошағы деп, сайып келгенде дүние жүзіндегі ең ірі порттардың бірі деп білеміз. Индияның қарапайым еңбекшілері өздерінің қажырлы еңбегімен көптеген ұрпақтар бойына Бомбейдің даңқын шығарып келді. Оның заводтарын, фабрикаларын, темір жолдарын, әсем үйлерін салған солар, Индиядан басқа жерлерде де баршаға мәлім товарларды шығаратын кәсіпорындарда жұмыс істеген және жұмыс істеп жатқанда солар.

Бомбей Индия халқының жемісті жұмыстары орталықтарының бірі, оның ұлттық мақтанышы болып табылады. Мұнда Индия халқы, Азияның басқа халықтары сияқты, дүниежүзілік мәдениет пен ғылымның асқан жетістіктерін ойдағыдай игере алатындығын, қазіргі заманғы өнер кәсіпті құрып жатқандығын, қазіргі заманғы қатынас құралдарын дамытып жатқандығын, ерекше айқын көрсетті.

Сіздердің қалаларыңыз Индиядағы ұлт-азаттық қозғалыста едәуір тамаша роль атқарды, мұның өзі Индияның отаршылдық қаналудан құтылуына, көптен күткен бостандықты алуына себепші болды. Совет халқы әрқашан да Индия халқының бұл күресін зор ықласпен және тілектестікпен қадағалап отырды. Біздің көсеміміз және біздің социалистік мемлекеттің негізін қалаушы Владимир Ильич Ленин 1908 жылдың өзінде Индиядағы отаршылдық режимнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы көрегендік сөздер айтқан болатын. Оның бұл тамаша сөздері орындалды.

Қазір Индия тәуелсіз ел болды. Оның халқы өз тағдырын өзінің қалауынша құруына мүмкіндік алды. Бұл оқиғаның маңызы Индияның шегінен әлде қайда кең таралды. Ол қазіргі уақытта Азияда болып жатқан ұлы өзгерістерді бейнелейді. Онда халықтарға шеттен еріксіз таңылған отаршылдық режимдер күйреуде. Біз индия халқы шұғылданып жатқан зор жеңісті еңбекті қуанышпен қадағалап отырамыз. Сіздер алдарыңызға өте маңызды мақсат —өз еліңізді экономикалық жағынан тәуелсіз ету мақсатын қойып отырсыздар.

да әртүрлі қоғамдық системаға жататын мемлекеттермен бейбіт қатар өмір сүрудің ұлы Владимир Ильич Ленин ұсынған принципін мүлтіксіз жүзеге асырып отырады. Совет Одағының сыртқы саясаты халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге, мемлекеттер арасындағы қатынастарда халықаралық проблемаларды келіссөздер жолымен реттеп, шешу үшін, жалпыға бірдей хауіпсіздікті, баянды және ұзақ бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін өзара келісушілікті нығайтуға бағытталған. Совет Одағы кең түрде халықаралық ынтымақ орнату үшін, барлық мемлекеттердің арасында олардың қоғамдық системалары қандай екеніне қарамастан экономикалық, ғылми- техникалық және мәдени байланыстарды ұлғайту үшін белсене күрес жүргізуде.

Совет адамдары бейбітшілікті қолдаудың өмірлік маңызы бар мәселесінде Индия халықтарының бейбіт қатар өмір сүруді жақтаушылардың алдыңғы қатарында келе жатқандығын зор қанағаттанғандықпен атап көрсетеді. Панча шила—мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің белгілі бес принципін алдымен жариялаған нақ Индия болды. **(Ду қолшапалақтау).** Осыған байланысты аса ірі саяси қайраткер — Индияның Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің ерекше көрнекті роль атқарғанын атап айтпасқа болмайды. Оның есімі халықтардың бейбітшілік жолындағы, бейбіт қатар өмір сүрудің елдер арасындағы қатынастарының принциптерін жүзеге асыру жолындағы күресімен тығыз байланысты. Индияның Премьер-Министрі Джавахарлал Неру мырза барлық мемлекеттер үшін қатар өмір сүру бірден- бір ақылға сыйымды мүмкіншілік болып табылады, өйтпейінше бір ғана альтернатива —өзара қырқысу ғана қалған болар еді деп мүлде әділ айтты. Осыған байланысты мен СССР Үкіметінің атынан Индия үкіметінің қару- жарақты азайтуды, атом қаруына тыйым салуды, жаңа соғыстың хаупін жоюды, барлық халықаралық проблемаларды келіссөздер жолымен шешуді жақтаған, агрессияшыл блоктердің топтасуына қарсы шыққан позициясын шексіз құрметтейтінімді білдірмекпін. Совет халқы Индия үкіметінің халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге, бейбітшілікті нығайтуға бағытталған күш- жігерін жақсы біледі.

Совет халқы бейбітшілік және Азияның шешілмеген проблемаларын реттеу ісіне Индияның қосқан үлесін құттықтауда. Қытай Халық Республикасының, Индияның және Совет Одағының бірлескен мен мүдделерін қамтамасыз ету ісінде аса көрнекті маңызы бар.

Жалпыға бірдей бейбітшілікті сақтау және баянды ету ісінде Совет Одағы мен Индияның мүдделері үйлесіп отырғаны біздің мемлекеттеріміздің көптеген халықаралық проблемалар жөніндегі достық ынтымағын белгілейді. Мұның өзі біздің мемлекеттеріміздің көркеюі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге мүдделі болып отырған біздің мақсаттарымызға сай келеді.

Біздің ғылым саласында бір- біріміздев үйренуімізге болатын нәрселер бар. Индияның ғылымы ертедегі ғасырлардан мәлім. Ол дүниеге өздерінің жаңалықтарымен дүниежүзілік ғылым мен мәдениетті байытқан бірқатар аса көрнекті ғалымдарды берді. Бұл жақсы дәстүрлері сіздің ғылым қазіргі уақытта да сақтап отыр.

Совет Одағына көптеген шетелдік ғалымдар келуде. Осы елдің жетекші ғылми орталықтарының бірі болып табылатын Сіздің қаладан да бізге Индиялық ғалымдар келіп кетті.

Біз Индияда біздің совет ғалымдары да көптеген пайдалы нәрселерді көріп біле алады деп санаймыз. Ғылми жетістіктерді осылай алысу, ғылым саласындағы ынтымақ Сіздің ғалымдар үшін де, сондай-ақ біздің ғалымдар үшін де өте пайдалы.

Мәдениеттің жетекші орталықтарының бірі болып табылатын сіздің қалада, атап айтқанда, көптеген белгілі жазушылар, искусство қайраткерлері мекендеп, жұмыс істеуде, оларды Совет Одағында біледі және жақсы көреді. Осында Индия кино өнеркәсібінің орталығы орналасқан. Бомбейде жасалған бірнеше Индиялық фильмдер Совет Одағының экрандарында көрсетілді. Бұл фильмдер совет көрушісіне өте ұнады. Біздің елдеріміз арасында мәдениет байланысын дамыту ісінде сіздің қаланың қандай маңызды роль атқара алатынын, бұл үшін бізде көлемді және әлі пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктер бар екенін осы фактінің өзі-ақ көрсетіп отыр. Бұл байланыс біздің елдеріміз, біздің халықтарымыз арасындағы достық қатынастарды онан әрі нығайтуға көмектесетін болады.

Сөзімнің қорытындысында Сіздердің қалаңыз бен штатыңыздың, сіздердің ұлы халқыңыздың табыстарға жете беруіне менің тілектестік білдіруіме рұқсат етіңіздер. Бұл —Индиялық достарды жақсы көріп, бағалап отырған бүкіл совет халқының тілектестігі. **(Қолшапалақтау).** Совет халқы Индия халқының бейбітшілік жолындағы күресін, оның жаңа түр-

# ЖАҢА СОВХОЗДАРҒА БАСШЫЛЫҚ ЖАҚСАРТЫЛСЫН

### *Октябрь аудандық XIII партия конференциясынан*

Октябрь ауданы — егін шаруашылығы жөнінде де, мал шаруашылығы жөнінде де облысымыздағы ең ірі аудандардың бірі. Партия мен үкіметіміздің зор көмегі мен қамқорлығы нәтижесінде соңғы жылдары Октябрь ауданының ауыл шаруашылығында орасан зор өзгерістер болды. Ауданның ауыл шаруашылығының барлық салалары бұрынғыдан өркендеп, ауылшаруашылық өндірісін механикаландыру дәрежесі мейлінше артты.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март Пленумдарының тарихи қарарларын орындай отырып, аудан еңбекшілері астық өндірісін арттырудың қайнар көзі— тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы күресті мейлінше өрістетті. Ауданда 9 жаңа астық совхозы ұйымдастырылды, мұнда бұрын небары екі совхоз ғана болатын. Ауданның машина-трактор станциялары жүздеген қуатты жаңа тракторлар, комбайндар, тіркеу құралдарын алды. Еліміздің түпкір-түпкірлерінен бұл ауданға жаңа жерлер игеруге мыңдаған патриоттар келді. Аудан орталығында Қалалық және селолық құрылыс министрлігінің «Марьевстрой» тресі ұйымдастырылды. Сол сияқты, аудан территориясында жеті ірі астық дайындау пункттері салынып жатыр.

Соңғы жылдағы аудан өміріндегі зор оқиғалардың бірі —ауданның алыс түпкірінде жаңа темір жол салынып, оның Сулы станциясына дейін жеткізілуі.

Аудан өмірінде болған мұндай зор өзгерістер жергілікті партия, совет және шаруашылық ұйымдардан басшылық дәрежесін арттыра беруді, шаруашылық және мәдениет құрылысы мәселелерін іскерлікпен шешуді талап етеді.

Жуырда болып өткен Октябрь аудандық XIII партия конференциясы аудан партия ұйымының шаруашылық және мәдени құрылысқа басшылық дәрежесіне баға берді. Конференция делегаттары ауыл шаруашылығын өркендетуде аудан еңбекшілерінің қол жеткен табыстарын баяндаумен бірге, жұмыстағы елеулі кемшіліктердің бетін ашты.

—1954—1955 жылдары, —деді баяндамашы ҚКП аудандық комитетінің секретары Патютко жолдас, —ауданда 339 мың гектар тың және тыңайған жер игерілді. Мұның 204 мың гектарын совхоздар игерді. 1953 жылмен салыстырғанда ауданда егіс көлемі үш есе, ал негізгі азық-түліктік дақыл—бидай егісінің көлемі бес есе артты. Сол сияқты аса бағалы жүгері егісінің көлемі 4396 гектарға жеткізілді. Быйылғы жылы колхоздар мен совхоздар көктемгі егісті жылдағыдан гөрі ұйымшылдықпен өткізіп, егіс жоспарын колхоздар бойынша 101,2 процент, совхоздар бойынша 102,2 процент орындады. Аудан колхоздары мен совхоздары мемлекетке астықты 1955 жылы 1954 жылдан 858954 пұт артық

байланысты аудан халқының саны мейлінше көбейді. Бұл жағдай аудан халқын картоппен және овощпен қамтамасыз ету үшін бұл дақылдардың егіс көлемін кеңейтіп, олардың шығымдылығын арттыруды талап етеді. Алайда, аудан картоп және овощь егу жоспарын орындай алмады.

Сол сияқты Октябрь ауданының колхоздары мен совхоздары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде және оның өнімділігін арттыруда мүлде артта қалып қойды. Бұған быйылғы жылы аудан колхоз, совхоздарының түліктің бірде-бір түрі бойынша мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындай алмауы айқын дәлел. Тіпті кейбір шаруашылықтарда мал басы кеміген. Әлі күнге мал басының көп шығын болуына жол беріліп жүр. Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары, аудандық Совет аткомі мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттырудың басты шарты—жемшөп қорын жасау күресіне ойдағыдай басшылық жасай алмады. Осының салдарынан үстіміздегі қыста аудан колхоз, совхоздарында қоғамдық малға жемшөп жетіспей қалу хауіпі туып отыр. Мұнымен бірге колхоз, совхоздарда мал қораларының жайы да бапты емес.

МТС-тер мен совхоздарда трактор паркі мен ауылшаруашылық құрал-саймандары жұмысқа өнімді пайдаланылмай жүр. Машиналардың жұмыс өнімділігі төмен, тракторлар мен комбайндардың көп уақыт жұмыссыз қарап тұруына жол беріледі.

Делегаттар аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдарының МТС-тер мен совхоздар директорларының және олардың мамандарының тапсырылған іске жауапкершілігін арттыра алмай келгендігін, мұның өзі кейбір басшы қызметкерлердің арасында партиялық және мемлекеттік тәртіптің бәсеңдеуіне әкеліп соққандығын атап көрсетті. Басқаны айтпағанда, аудандық партия комитетінің Мальцев, Телюк жолдастар сияқты аймақ жөніндегі секретарьлары өз міндеттеріне жауапсыз қараған. Жұмыстағы кемшіліктерді көре-біле тұра оларды жою жөнінде шара қолданбай, дәрменсіздікке салынған.

Октябрь ауданында 11 совхоз бар екендігі жоғарыда атап көрсетілді. Олай болса, совхоздарға басшылықты мейлінше жақсарту аудандық партия комитетінің ең басты міндеттерінің бірі еді. Бірақ іс жүзінде бұлай болмады.

—Аудандық партия комитеті, — деді Марьевка совхозының директоры Белов жолдас, —совхоздарға әлі де шын мәнінде басшылық жасап отырған жоқ. Біздің совхоз аудандық комитеттің иек астында, аудан орталығынан небары екі километр қашықтықта ғана орналасқан. Алайда

—ҚКП аудандық комитетінің секретары Мальцев жолдас бастаған нұсқаушылар тобы совхоз жұмысшыларының өмірін нашар біледі, олардың тілек-мұқтаждарын ескермейді.

Сол сияқты Григорьев жолдас аудандық партия комитетінің аудандық атқару комитеті мен басқа да аудандық ұйымдардың жұмысына ойдағыдай басшылық жасай алмай отырғандығын сынады.

Делегаттар Бугаенко және Карпенко жолдастар аудандық партия комитетінің коммунистерді тәрбиелеу және олардың арасында партиялық тәртіпті нығайту жөніндегі мәселелерді шешуде кейбір қателіктерге ұрынатындығын айтты. Аудандық комитет коммунистер арасында тәрбие жұмысын күшейту орнына, болмашы қателіктері үшін коммунистерді шетінен жазалау сияқты қате әдістерді қолданады. Аудандық комитеттің кейбір мәжлісінде 11—20 коммунистің бір-ақ талқыланған уақыттары да болған.

Аудандық партия комитеті мен Совет аткомі шаруашылықтарға жанды басшылық жасап, оларға қолма-қол көмек көрсету орнына, толып жатқан қажетсіз мәліметтер жыйнаумен көп әуестенеді. Сөйтіп, мамандардың іс басында болуына мүмкіншілік бермей, олардың қағазбастылыққа салынуына себепші болады. Коновалов МТС-нің директоры Непестрем жолдас өзінің сөзінде осы жөнінде айтып нақты мысалдар келтірді.

«Марьевстрой» тресінің ағаш шебері Дорошенко жолдас аудандық партия комитетінің құрылыс ұйымының жұмысына жанды басшылық жасай алмай отырғандығын, құрылысшылардың тілек-мұқтаждарын өтеуге жете назар аудармай келгендігін айтты.

Дзержинский атындағы совхоз партия ұйымының секретары Никитенко жолдас аудандық партия комитетін сауда ұйымдарының жұмысына қажетті басшылықпен бақылау жасамайтындығы үшін сынады. Хрущев атындағы совхоз партия ұйымының секретары Иванов жолдас та сауда ұйымдарының жұмысын жақсартып, әсересе жаңа совхоздар коллективтерін бірінші қажетті товарлармен қамтамасыз етуді жолға қою қажеттігін айтты.

Конференцияға қатысушылар аудандық тұтынушылар одағының председателі Подоляк жолдастың сөзіне қанағаттанбады. Ол сауда ұйымдарының жұмысын жақсарту жөнінде қандай шаралар белгіленіп, қалай жүзеге асырылып жатқандығын айтудың орнына. жұмыстағы орын алып отырған кемшіліктер үшін кінәні басқаларға аударуға тырысты.

—Конференцияның жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі сол—КПСС Орталық Комитеті январь Пленумы қаулысының орындалу барысы туралы ҚКП Октябрь аудандық комитетінің есебі бойынша Казакстан КП облыстық комитетінің

Бұл мақсатқа жетудің маңызы қаншалық зор екенін совет адамдары өз тәжрибесінен біледі. Совет Одағы Индия халқының экономикалық тәуелсіздікке жету жолындағы заңды тілектеріне толық тілектестік білдіреді және экономикалық құрылыс жөнінде Индиямен ынтымақ жасауға дайын. Біз Индиямен экономикалық байланыстардың дамуын, екі елдің арасындағы сауданың ұлғайтылуын, ғылми-техникалық жетістіктердің алмасылуын сөйтіп, творчестволық жағынан негізделген, өзара қолайлы ынтымақ орнатылуын жақтаймыз.

СССР Үкіметі өзінің сыртқы саясатын-күш- жігері нәтижесінде Корея мен Индо-Қытайдағы соғыстар тоқтатылды. **(Ду қолшапалақтау).** Совет Одағы мен Индия Қытай Халық Республикасына өзінің Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды орнын беру үшін бірлескен күрес жүргізуде. Индия үкіметі Қытай халқының ұлттық мүдделерін есепке ала отырып, Тайвань туралы мәселені бейбітшілікпен реттеуді жақтауда. Индия Азия мен Африка елдерінің Бандунгтегі бірінші конференциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. Бұл конференцияның бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті баянды ету және Азия мен Африка халықтарының праволары ...орнатуға жұмсап отырған күш- жігерін зейін салып, қуанышпен қадағалауда, ал біздің ұлы халықтарымыздың достығы бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің берік тірегі болып табылады. Ендеше осы ұлы достықты сақтап, нығайта беретін болайық. **(Ду қолшапалақтау).**

Индия және совет халықтарының достығы жасасын! **(Ұзақ, ду қолшапалақтау).**

* * *

Стадионда қайтадан қолшапалақталды. Микрофонның қасына СССР Жоғарғы Советі Президиумының Мүшесі Н. С. Хрущев келді.

# Н. С. ХРУЩЕВТІҢ сөзі

Мырзалар, достар!

Менің осы трибунада тұрып, Премьер-Министр Неру мырзаға, Бомбей штатының басшыларына Бомбей қаласының мэріне бізге көрсетілген меймандостық үшін шын жүректен алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер. **(Қолшапалақтау).** Бізбен кездесу үшін осы митингке келген сіздердің бәріңізге алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер, сонымен қатар бүгін бізді қарсы алуға шыққан және менің мұны олардың көз жанарынан көріп отырғанымдай, өздерінің бізге, Совет Одағына, біздің халқымызға деген сезімдерін сондай шын пейілмен білдірген Бомбейдің барлық азаматтарына алғыс айтуыма рұқсат етіңіздер. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Индия халқымен достық кездесулердің бұл күндерінде біздің жан- жүйемізді кернеген ыстық сезімдерді білдіру үшін сөз табу қиын. **(Қолшапалақтау).**

Біз Сіздердің қол жеткен алғашқы табыстарыңызға қуанамыз, сіздердің бұдан былай бұрынғыдан да зор табыстарға жетулеріңізге тілектеспіз. Біз Индия халықтарының азат етіліп, ұлттық тәуелсіздік алғанына қуаныштымыз. **(Қолшапалақтау).**

Біздің сіздермен арамызда зор және терең мағыналы өзара түсініс орнап отыр. Біз сіздермен бірге бейбітшілік үшін күресудеміз. **(Ду қолшапалақтау).** Осыған байланысты совет адамдарының бейбітшілік жолындағы күресті қалай түсініп отырғаны туралы менің бірнеше сөз айтқым келер еді. **(Қолшапалақтау).**

Егер қазір жер бетінде өмір сүруші адамның қандайынан болса да—бейбітшілікті жақтайсың ба немесе соғысты жақтайсың ба деп сұраса, ол —бейбітшілікті жақтаймын! деп сөзсіз көп айтқан болар еді. **(Қолшапалақтау).** Тіпті көңілінде соғысты жақтап отырған адамның өзі де мұны ашықтан- ашық айтпайды. Ол бейбітшілікті жақтап отырмын деп айтуды бұдан артық санайды. Ол халықтардың соғысты тілемейтінін, соғысты ашықтан-ашық жақтап шығудың хауіпті екенін біледі. **(Қолшапалақтау).**

Қазір бейбітшілікті жақтап отырмыз дейтіндердің біреулері, әрине, өздерінің алдарына қойып отырған мақсаттарға соғыссыз- ақ жетуден бойын аулақ салмас еді. Олар белгілі бір халықтарды басқа халықтарға бағындыратындай бейбітшілікті тілеген болар еді. Бірақ халықтар мұны тілемейді. Әңгіменің түпкі мәні міне осында, барлық алшақтықтардың түйіні міне осында.

Женевада төрт держава үкіметтерінің басшылары кездескенін, содан кейін төрт державаның сыртқы істер министрлері кездескенін Сіздер білесіздер. Келісімге келу үшін көптеген күш жұмсалды, бірақ мұның нәтижелері әзірше өте аз болып отыр. Мұның себебі сол, біз белгілі бір сөздерді түрліше түсініп отырмыз.

Ал Совет адамдарына келетін болсақ, біздің түсінуіміз —барлық жұрт үшін аян да, түсінікті де. Біз былай дейміз: дүние жүзінің барлық халықтары үшін бейбітшілік орнатылсын! **(Ду қолшапалақтау).** Біз былай дейміз: басқа мемлекеттермен халықтардың ішкі құрылысына ешқандай араласу болмауға тиіс. **(Ду қолшапалақтау).** Басты әңгіме міне осында.

Біз Индия мен Қытай жариялаған, барлық жұртқа белгілі декларацияда сондай жақсы баяндалған осы принциптер үшін күресудеміз. **(Қолшапалақтау).**

Мен, барлық совет адамдары сияқты, шындық жеңеді, бейбітшілік жеңеді деп сеніп отырмын. **(Ду қолшапалақтау).** Бірақ бұған біздің күш- жігеріміз жұмсалуға тиіс. Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін күресте қажырлылықты бәсеңдетпеу керек, біздің күш- жігерімізді бәсеңдетпеуіміз керек. **(Қолшапалақтау).**

Мырзалар, достар! Біз сіздермен бірге бақытты дәуірде өмір сүріп отырмыз. Біз отарлық құлдық тәртібі қиратылып, ескілікке қайта оралуға болмайтын адамзаттың көктемін бастан кешіріп отырмыз.

Қазір біз Индияның қалалары мен селоларын аралап, Индияның халқымен кездесудеміз. Сондықтан да біз өз елінің тәуелсіздігіне жеткен және өз мемлекетінің, өз тағдырының қожасы өздері болғысы келіп отырған еркін адамдардың көз жанарынан ыстық ұшқынның қалай жарқырап отырғанын көрудеміз.

Адамдар бұл тамаша кезеңді түрліше басынан кешіруде. Ал Совет Одағының халықтарына келетін болсақ, олар бұл табыстарды шын ниетімен құттықтауда. Біз империалистердің бұғауын бір жолата лақтырып тастаған және өзінің ұлы халықтық мемлекетін орнатып жатқан ұлы Қытай халықтарының тарихи ұлы жеңіске жеткеніне қуанамыз. Біз ұлы Индия халықтарының ұлттық тәуелсіздікке жеткеніне қуанамыз. Отарлық құлдыққа қарсы күреске ендігі жерде Азия мен Африканың барлық халықтары көтерілуде. Ал мұның өзі еш нәрсе де тоқтата алмайтын мұхиттың толқынындай зор күш! **(Ду және ұзақ қолшапалақтау).**

Совет Одағының халықтары Индияның халықтарына мәңгі достықтың туысқандық қолын созып отыр. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Біз мемлекеттердің ішкі құрылысы—халықтардың өз ісі деген пікірді әрқашан да жақтап келдік және жақтап отырмыз. Біз бөтеннің істеріне араласып отырған жоқпыз және ешуақытта да араласпаймыз. Сіздер мен біздің өте көптеген ортақ мүделеріміз бар, бұл мүделер жөнінде біз өзара толық түсінісіп отырмыз. Осы өзара түсінісу негізінде, өзара құрметтеу негізінде біз бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мүддесі үшін өзіміздің достығымызды нығайта беруіміз керек.

Біз Индияның қалалары мен селоларында болып отырған бұл күндерде мен жиі- жиі тамаша сөздерді естіп, бұл сөздерге толығымен қосылып отырмын. Сондықтан өзімнің бүгінгі сөзімді де осы сөздермен аяқтағым келер еді: «Хинди руси бхай, бхай!» (Индиялықтар мен орыстар —туысқандар!)

* * *

Н. С. Хрущев жолдастың соңғы сөздеріне ұзақ, ду қолшапалақталды.

Мұнда Совет делегациясының Бомбейдегі кездесуіне бүгін жалпы алғанда қаланың кем дегенде біржарым миллион тұрғындары қатысты деп шамалануда.

---

тапсырды. Сол сияқты аудан бойынша келесі жылдың егісіне жер дайындау жоспары асыра орындалды.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруда да кейбір табыстарға қол жетті.

Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеген делегаттар қол жеткен табыстарды баяндаумен бірге, егін және мал шаруашылығын өркендетуде орын теуіп отырған елеулі кемшіліктерді атап көрсетті. Ондай кемшіліктердің орын алуына жол берген аудандық партия комитеті мен Совет аткомін, олардың басшыларын, колхоз, совхоздар мен МТС басшыларын қатты сынап, олардан ауыл шаруашылығына басшылық дәрежесін шұғыл жақсартуды талап етті.

Ауданға жаңа жерлер игеруге мыңдаған патриоттар келді дедік. Осыған аудандық комитеттің секретарьлары мен басқа да қызметкерлері біздің совхозда оқта-текте ғана болады. Аудандық комитет қызметкерлерінің совхозға басшылығы көбінесе телефон арқылы мәлімет жыйнаумен ғана шектеледі.

Бұдан кейін Белов жолдас аудандық комитеттің совхоздар аймағы жөніндегі секретары Мальцев жолдасты совхоздарға жанды басшылық жасай алмай жүргендігі үшін, тіпті кейде оның жұмысқа кедергі боларлықтай теріс нұсқаулар беретіндігі үшін сынады.

Степной совхозының директоры Григорьев жолдас совхоздарға ойдағыдай басшылық жасай алмай отырғаны үшін облыстық совхоздар басқармасы мен ҚКП облыстық комитетінің совхоздар бөлімін, оның меңгерушісі Камалетдинов жолдасты сынай келе былай деді:

VIII пленумы қаулысының аудан колхоз, совхоздары мен МТС-терінде қалай орындалып жатқандығы туралы не есепті баяндамада, не жарыссөзде сөйлеуші делегаттардың сөздерінде мардымды ештеңе айтылмады.

Конференцияның жұмысына ҚКП облыстық комитеттің секретары Борзов жолдас қатынасып, сөз сөйледі.

Конференция аудандық партия комитетінің құрамын, тексеру комиссиясын және облыстық партия конференциясына делегаттар сайлады.

* * *

Аудандық партия комитетінің бірінші ұйымдастыру пленумында аудандық комитеттің бірінші секретарьлығына Патютко және екінші секретарьлығына Тащев жолдастар сайланды.

**МАРЬЕВКА (арнаулы тілшімізден).**

---

# Мал шаруашылығының артта қалушылығын жедел жояйық

## *Приешім аудандық партия конференциясынан*

Аудандық партия конференциясы ауыл шаруашылығы өндірісін өрге бастыру мәселесіне ерекше назар аударды. Аудандық партия комитетінің секретары Ординарцев жолдастың есепті баяндамасы мен делегаттардың сөздерінде партия мен үкіметтің ауданға көрсетіп отырған зор көмегі атап көрсетілді. МТС-тер мен совхоздар жаңа техниканы көптеп алды. Партияның шақыруы бойынша колхоздар мен МТС және совхозға көптеген ерікті патриоттар келді. Осының нәтижесінде ауданда егіс көлемі бір жылдың ішінде 52 мың гектардан астам ұлғайды.

Алайда, конференцияда атап көрсетілгеніндей, аудан ауыл шаруашылығын өркендетудің бай резервтерін толық пайдаланбай келеді. Егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының артта қалушылығы жойылмады. Рас, ауданның жекелеген колхоздары ауыл шаруашылығын өркендетудің үлгісін көрсетіп отыр. Мәселен, Каганович атындағы колхоз 47 гектар егіс алаңына агротехникалық шаралардың барлық комплексін кезінде жүргізді. Сөйтіп бұл участоктің әрбір гектарынан 14 центнерден өнім жыйнады. Бірақ амал не, бұл мүмкіндікті басқа шаруашылықтар пайдалана алмады. Сондықтан аудан бойынша егін шығымы төмен болып, дәнді дақылдардың әрбір гектарынан небары 4,5 центнер ғана өнім жыйналды.

Конференция делегаттары мал шаруашылығын өркендету ісінің жыл сайын кенже қалып келе жатқанына тоқталды. Быйыл мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспарды бір-ақ колхоз, Калинин атындағы ауылшаруашылық артелі ғана орындады. Бірқатар колхоздар мал азығының берік базасын жасай алмады. Партия ұйымдары мал шаруашылығындағы кадрлардың құрамын нығайту ісімен жете шұғылданбады. Мал фермаларында жұмыс істейтін коммунистердің саны 50-60 адамнан аспайды.

—Аудандық партия комитеті, — деді Қызылэскер совхозы партия ұйымының секретары Құсайынов жолдас. Ауыл- село еңбекшілері арасындағы саяси үгітті жақсарту жөнінде көптеген қарарлар қабылдады. Бірақ не пайда, ол қарарлар ұйымдастыру жұмысымен нығайтылмады.

Каганович атындағы колхоздың председателі Симоненко жолдас өзінің сөзінде аудандық Совет аткомі мен ауыл-селолық Советтердің шаруашылық жұмыстарды ұйымдастыруда инициатива көрсете алмай келе жатқанын айтты. Ол аудан басшыларының көктемгі егіс кезінде немесе басқа да шаруашылық науқандар кезінде біржақтылыққа салынып, өндірістің басқа участогін ұмытатынына тоқталды. Мәселен, егін жыйнау кезінде бірқатар шаруашылықтарда мал қораларын жөндеу жұмыстары жүргізілмеді.

Делегаттар Қалиев, Мусин, Васильев, Науменко және басқа бірқатар жолдастар да ауыл шаруашылығына басшылық етуде елеулі кемшіліктерге жол бергені үшін аудандық партия комитеті мен аудандық Совет аткомін орынды сынады.

Конференцияда машина- трактор станцияларының колхоз өндірісіндегі рольдерін арттырудың қажеттігі жөнінде мәселе қойылды. Үш Интернационал атындағы колхоздың председателі Ворошилов жолдас былай деді:

—МТС-тер соңғы жылдары жаңа техниканы көптеп алды. Онда механизатор кадрлары мен ауыл шаруашылығы мамандарының үлкен тобы жұмыс істейді. Алайда біздің аудандағы МТС-тердің жұмысы партия мен үкімет алға қойған міндеттер дәрежесінен кейін қалып отыр. Олар колхоздармен жасасқан шартты кезінде орындай алмайды, дала жұмыстарының мерзімін ұзаққа созады. Сол сияқты МТС мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру ісіне немкетті қарайды. Біздің колхозда электр қуатымен сүт сауатын агрегат және автоматты суарғыш бар. Бірақ, бұл құралдар МТС-тің көмегі болмауы себепті жұмысқа қосылмай, бос жатыр.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының агрономы Орлов жолдас агротехникалық шараларды бұрмалағаны үшін Тимирязев атындағы МТС-тің басшыларын сынады. Біздің колхозда зябь үшін жыртылған жердің кейбір участогінің тереңдігі 8-12 сантиметрден аспайды. Бұл факті МТС-тің жұмыстың сапасы үшін күреспейтінін айқын дәлелдейді.

Делегаттар Сухомлинова, Соколов, Потапов жолдастар өздерінің сөздерін бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсарту мәселесіне арнады. Аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарының секретарьларымен жұмысты әлсіреткен. «Қазақстанның 30 жылдығы», «Большевик» колхоздары партия ұйымдарында коммунистердің оқуы ұйымдастырылмаған, партия ұйымының қатары өндіріс озаттары есебінен өспеген.

Есепті баяндама бойынша жарыссөзде 28 адам сөз сөйледі.

Конференция аудандық партия комитетінің жаңа құрамын және облыстық партия конференциясына делегаттар сайлады.

* * *

Конференциядан кейін аудандық партия комитетінің бірінші пленумы болды. Пленум ұйымдастыру мәселесін қарап, аудандық комитеттің секретарьлары етіп Ординарцев, Амантаев жолдастарды сайлады.

# Облыс МТС-тері бойынша жемшөп тасудың барысы туралы

1955 жылғы 25 ноябрьдегі мәлімет

**(Дайындалған жемшөптің мал қоралары жанына тасылғаны, процент есебімен)**

| МТС-тер | Дайындалған жемшөптің тасылғаны | Соңғы бескүндік тапсырманың орындалу проценті | МТС-тер | Дайындалған жемшөптің тасылғаны | Соңғы бескүндік тапсырманың орындалу проценті |
|---|---|---|---|---|---|
| Суворов | 110,8 | 100 | Соколов | 42,3 | 18,4 |
| Полудин | 92,1 | 62,2 | Ленин | 42,2 | 46,9 |
| Сартомар | 90,1 | 39,3 | Николаев | 41,6 | 35,3 |
| Чистян | 80,9 | 23,8 | Налобин | 39,9 | 21,3 |
| Ново-Георгиев | 79,1 | 35,1 | Торанғұл | 37,1 | 45,7 |
| Шағлы | 64,7 | 36,6 | Семиполка | 36,3 | 28,8 |
| Калинин | 61,5 | 18,0 | Чапаев | 35,1 | 52,5 |
| Ильич | 61,4 | 65,6 | Петропавл | 34,4 | 32,0 |
| Совет | 61,4 | 43,1 | Преснов | 34,0 | 40,1 |
| Асанов | 59,3 | 12,6 | Майбалық | 31,7 | 19,5 |
| Булаев | 56,7 | 21,1 | Приешім | 29,8 | 29,3 |
| Образцовая | 54,7 | 24,5 | Баян | 29,1 | 22,0 |
| Вильямс | 51,3 | 47,2 | Пушкин | 20,3 | 16,5 |
| Тимирязев | 47,7 | 31,6 | Ворошилов | 20,1 | 19,8 |
| Куйбышев | 47,4 | 18,3 | Коновалов | 14,7 | 7,6 |
| Интернационал | 43,4 | 54,1 | | | |

* * *

Быйылғы қыстың өзіндік ерекшелігі сол —қыстың алғашқы күндерінен бастап қар қалың түсуде. Онымен бірге боран да жиі болып тұр. Мұның өзі даладағы жемшөпті мал қоралары жанына тасуды неғұрлым тез жүргізуді талап етеді. Өйткені, қар қалыңдап кеткен соң шөп тасу жұмысы қыйынға түседі және шөпті тасу кезінде ысырап көбейеді.

Осыған қарамастан облысымыздың көптеген колхоздары шөп тасу жұмысын мейлінше баяу жүргізіп келеді. 25 ноябрьдегі мәліметке қарағанда шөп тасудың соңғы бескүндік тапсырмасы Коновалов МТС-сі аймағындағы колхоздарда 7,6 процент, Асанов МТС-сі аймағындағы колхоздарда 12,6 процент, Пушкин атындағы МТС бойынша 16,5 процент ғана орындалды. Ал бұл аталған МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда дайындалған жемшөптің жартысынан көбі осы уақытқа дейін тасылған жоқ.

Шөп тасу жұмысының төзгісіз қанағаттанғысыз жүргізілуінің басты себебі МТС басшылары бұл жөнінде колхоздарға нақтылы практикалық көмек көрсетпей келеді. Шөп тасуға тракторлар жеткіліксіз бөлінген. Ал бірқатар шаруашылықтар бұған бөлінген тракторларды тиімді пайдалануды ұйымдастырмай отыр. Колхоз басшылары жемшөпті мал қыстайтын орындарға тасып алу жөнінде тек МТС-тердің көмегіне сеніп, бұл мақсатқа қолда бар көлік күшін пайдалану шараларын қарастырмайды.

Жемшөп тасуды мұншама баяу жүргізушілікпен келісуге тіпті де болмайды. Сондықтан МТС, колхоз басшылары бұл жұмыстардағы сылбырлықты жоюдың нақтылы шараларын белгілеуге міндетті. Барлық МТС-терде шөп тасу үшін колхоздарға тракторлар бөлінуі қажет. Сол сияқты колхоз басшылары қолда бар көлікті, шаналарды жемшөп тасуға толығынан қатыстыруға тиіс. Шөп тасуда жүрген механизаторлар мен колхозшылардың социалистік жарысын ұйымдастырып, олардың алған міндеттемелерді күнбе-күн толық және асыра орындауын қамтамасыз ету керек. Шөпті тасу кезінде ысырапқа жол бермеу шараларын жүзеге асыруға мұқият зер салған жөн. Фермаларға әкелінген жемшөпті дереу өлшеп, есепке алып, оның дұрыс жұмсалуын ұйымдастыру керек. МТС және колхоз басшылары даладағы жемшөпті мал қыстайтын орындарға тасуға өздері тікелей басшылық ете отырып, бұл жұмыстың таяудағы күндер ішінде толық аяқталуын қамтамасыз етулері қажет.

# Облыс совхоздарында мал қыстайтын орындарға жемшөп тасудың барысы туралы

1955 жылғы 25 ноябрьдегі мәлімет

**(Дайындалған жемшөптің мал қоралары жанына тасылғаны, процент есебімен)**

| Совхоздар | Мал қоралары жанына тасылған жемшөп | Совхоздар | Мал қоралары жанына тасылған жемшөп | Совхоздар | Мал қоралары жанына тасылған жемшөп |
|---|---|---|---|---|---|
| Қарағанды | 95,3 | Марьевка | 41,1 | Ленин | 28,6 |
| Степной | 68,6 | Возвышен | 38,6 | Ешім | 26,8 |
| Дзержинский | 68,1 | Тимирязев | 38,5 | Петропавл | 26,8 |
| Торанғұл | 62,6 | Молодежный | 38,4 | Заря | 24,0 |
| Тоқшын | 60,0 | Москворецк | 38,2 | Аманкелді | 21,9 |
| Черкасск | 59,9 | Приешім | 37,5 | Хрущев атындағы | 21,4 |
| Қиялы | 53,4 | Октябрь | 35,8 | Жданов | 19,1 |
| Интернационал | 52,6 | Буденный | 33,9 | Докучаев | 15,5 |
| Явленка | 50,6 | Преснов | 33,6 | Маленков атындағы | 15,0 |
| Мамлют | 49,7 | Чистов | 31,9 | Украин | 14,0 |
| Тамань дивизиясы атындағы | 44,6 | Ұзынкөл | 30,9 | Жамбыл | 13,8 |
| Шағлы | 41,8 | Қызылэскер | 28,6 | Булаев | 10,9 |
| Совет | 41,6 | | | | |

# КПСС XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете берейік!

☆ ☆ ☆



Вера Черкасова Ленинградтағы қолөнер училищесін бітіргеннен кейін қаладағы шағын литражды двигательдер заводына шлифовщица болып жұмысқа орналасқан-ды. Ол бұл мамандықты жақсы игеріп, кәзір сменалық тапсырмаларды үнемі екі есе орындауға жетісіп жүр.

СУРЕТТЕ: участок мастері **Л. Барамзин** жолдас **В. Черкасованың** жұмысын байқап тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Комбинат коллективінің табысы

Бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын жалпы өнім шығару жөнінен төрт жыл төрт ай ішінде орындап шыққан Полудин аудандық өндіріс комбинатының коллективі бірнеше ай бойына 1956 жылдың есебіне өнім шығарып келеді. Комбинат коллективі КПСС Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысында алға қойылған міндеттерді орындауға өздерінің әзір екендіктерін білдіре отырып, халық тұтынатын товарларды көптеп шығару ісіне жаңа мүмкіншіліктер мен резервтерді тауып іске қосуда.

Мәселен, комбинат үстіміздегі жылдың үшінші тоқсанына белгіленген тапсырмаларды жалпы өнім шығару жөнінен 103 процент, ал товарлы өнім шығару жөнінен 114 процент орындады. КПСС XX съезі құрметіндегі жарысқа қосылған комбинат жұмысшылары бұл тоқсанда тігулі киімдерді, аяқкиімдерді өткен тоқсандағыдан едәуір артық өндірді.

Съезд құрметіндегі жарыста ағаш өңдеу цехының коллективі алда келеді. Негізгі жұмыстардың механикаландырылуы, өндірісті ұйымдастыру ісінің дұрыс жолға қойылуы нәтижесінде цехта айтарлықтай табыстарға қол жетті. Потехина жолдастың басқаруындағы бұл цех қыс жағдайында жұмыс істеуге тыңғылықты әзірленді, қажетті шикізаттар мен материалдың әрқайсысы сменалық нормаларын ұдайы 150—200 проценттен орындайтындар. Сол сияқты құрылыс үшін қамыс плиталарын жасауда смена сайын нормаларын 180—200 проценттен орындап отыруға жетіскен Симченко, Гальстер сияқты жұмысшылар үздік еңбектерімен көзге түсті.

Ағаш материалдарын тасу жоспары 119 процент орындалса, бұл жұмыстарда Бабаковский, Кубикин және Сухов жолдастар сияқты шоферлар өздерінің машиналарын жоғары техникалық күтімде ұстап, тоқтамастан ұзақ жол жүріп, күндік нормаларын біржарым есеге дейін асыра орындап отырды.

Съезд құрметіндегі жарыста комбинаттың тігін цехының коллективінің жұмысшылары да үздік еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Цех коллективі съезд құрметіндегі жарыс туын жоғары ұстай отырып, үстіміздегі жылдың үшінші тоқсанына тағайындалған жоспарды 109 процент орындады. Ал цехтың жекелеген тігіншілерінің көрсеткіштері бұдан да жоғары. Мысалы, тігінші Мурашованың жұмыс көрсеткішін алайық. Ол өндірістік тапсырманы айдан-айға асыра орындап келе жатқан тігінші Мурашова жолдас октябрь айы ішінде 3500 сомның киімін тігуге тиіс болса, ол оны айдың бірінші

## Қарқынды еңбек

Суворов МТС- нің жөндеуші механизаторлары қостанайлықтар мен Булаев МТС-і коллективінің үндеуін өндірістік жыйналыста талқылап, оған нақты іспен жауап беруді ұйғарды. Жөндеушілер коллективі ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, трактор жөндеуді 1956 жылдың 1 февраліне, тіркеу саймандарын осы жылдың 1 декабріне дейін аяқтауға міндеттенді.

Мастерскойда 8 торап жұмыс істейді. Олардың барлығын басқаруға ең тәжрибелі механиктер тағайындалған. Барлық тораптар да жөндеу жөніндегі сменалық тапсырмаларын үнемі асыра орындап отырады. Тораптар арасындағы социалистік жарыста Г. Гаук басқаратын мотор жөндеушілер цехы озат келеді. Бұл цех жөндеу жұмыстарының бескүндік графигін бұлжытпай орындауда.

Жөндеу жұмысында жүрген механизаторлар арасында социалистік жарыс ойдағыдай ұйымдастырылған. Олардың күнделікті тапсырманы қалай орындағаны іле көрсеткіш тақталарға жазылып отырылады. Бескүндік тапсырманы орындау қорытындысына байланысты озып шыққан цехтарға ауыспалы қызыл жалау тапсырылады. Бес күнде бір шығатын жауынгерлік листок пен айына бір рет шығатын қабырға газеттерінде жөндеу жұмысына ерекше назар аударылады.

МТС коллективі алған міндеттемелерін толық орындап шығатынына сенім зор. Олар кәзірдің өзінде 31 трактор, 37 плуг, 86 сеялканы және 15 культиваторды сапалы жөндеуден өткізді. Жөндеушілер жұмыс қарқынын барған сайын арттыра түсу үшін аянбай еңбектенуде.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**
**(Өз тілшіміз).**

## Уақыттан озғандар

КПСС XX съезі құрметіндегі жарысқа қосылған тепловоз жүргізушілердің ішінде № 444 тепловоздың аға машинисі В. Цибеногин жолдас сапарға шыққан сайын нормадан артық жүк тиеп алып, ауыр составты тиісті станцияға графиктен бұрын жеткізіп жүр. Ол әрбір сапарында тепловоздың техникалық жылдамдығын нормадағыдан 6,4 километрге арттырып, тепловоздың айналымын 1,3 сағатқа жылдамдатты.

Соңғы айда П. Белый өзінің көмекшісі М. Ивановпен бірге сапарға шығып, жоспардан тыс 10577 тонна жүк тасып, 21 ауыр салмақты поезд алып жүрді.

Социалистік жарыста № 439 тепловоздың машинисі Абакумов жолдас та

Мал қыстатуда дайындалған жемшөпті мал қоралары жанына кезінде және шашпай-төкпей тасып алудың ерекше маңызы бар. Практика мал қыстатудың бас кезінде тасылып алынған пішен малды сапалы жемшөппен азықтандыруды және жемшөпті үнемдеп жұмсауды қамтамасыз ететіндігін көрсетті.

Совхоздар жемшөп тасуды ноябрьдің бас кезінде аяқтауға тиіс еді. Бұған толық мүмкіншілік болғандығын озат совхоздар анық көрсетті. Қарағанды совхозы қыстауларға пішеннің 95,3 процентін тасып жеткізді. Соңғы бескүндікте әсресе Торанғұл совхозында пішен тасу қарқыны ерекше күшейді. Совхоз 802 тонна шөп тасып, дайындалған пішеннің 62,6 процентін тасып алды.

Алайда, біркатар совхоздардың директорлары мен партия ұйымдары мұндай маңызды іске жауапсыз қарап отыр. Мысалы, Петропавл совхозында (директоры Горбунов, партия ұйымының секретары Михайлов жолдастар) пішеннің —26,8 Қызылокжер совхозында (директоры Алпысбаев, партия ұйымының секретары Құсайынов жолдастар) —28,6 проценті ғана тасылып алынды. Жұмыс мұндай қарқынмен жүргізілгенде пішен тасудың қыс аяғына дейін аяқталмау хаупі бар. Дәл осындай, жемшөп тасудың барысы Ұзынкөл, Чистов, Октябрь, Буденный және Приешім совхоздарында да қанағаттанғысыз.

Жаңа Булаев, Жданов, Маленков және Жамбыл совхоздарында жемшөптің жеткілікті тасылмауы салдарынан мал мезгілінде азықтандырылмай, қоңы төмендей бастады.

Жемшөп тасу сияқты аса маңызды жұмысқа совхоз дирекциялары мен бастауыш ұйымдары ерекше көңіл бөліп, орын алған кемшіліктерді тез жоюға міндетті.

дар жеткіліктен дайындалып алынды. Бұл біркелкі өнімді жұмыс істеуге мүмкіндік беруде. Осы жылдың өткен тоғыз айы ішінде цех жылдық жоспарды толық орындап шықты. Ағаш өңдеу жоспары 130 процент, ағаш материалдарын дайындау 106 процент орындалды. Ал құрылыс үшін қамыс плиталарын дайындау жөніндегі тапсырма екі есеге жуық асыра орындалды. Аталған мерзім ішінде цех 167 мың сомның өнімін жоспардан артық шығаруға жетісті.

Мұндай қол жеткен табыстар ағаш шебері Гарварт, Массальский, Миншик, Найверт, Пинкер сияқты жұмысшылардың қажырлы еңбек етуінің нәтижесі. Бұлар жартысының өзінде -ақ бес мың сомның киімін тігіп үлгерді.

Комбинаттың пима басатын цехының коллективі де аталған цехтардан қалыспай келеді. Цехтың Долганов, Тихонова және Бедер сияқты пима басушылары технологиялық ережелерді мұқият сақтай отырып, сапалы аяқкиімдер өндіруге жетісуде.

Бұл күндері комбинат коллективі съезд құрметіндегі жарысты онан сайын өрістете түсіп, өнімді әрі мол, әрі сапалы, арзан шығару үшін қажырлы күрес жүргізуде.

**Т. ҚҰЛАТАЕВ.**

ауыр салмақты поездар жүргізіп, оларды станцияларға графиктен бұрын жеткізуде.

Жуырда № 431 тепловозды жүргізуші машинист В. Пирог жолдас Макушино-Петропавл бағытына жолға шықты. Составқа нормадан артық 945 тонна жүк тиелген-ді. Тепловозды шеберлікпен жүргізе білген машинист ауыр жүк тиелген составты Петропавл станциясына 12 сағаттың орнына 11 сағаттың ішінде жеткізді. Мұның ізінше бұл составты оның серігі машинист Я. Трусов қабылдап алып оны Есілкөл станциясына графиктегіден 22 минут бұрын жеткізді.

**Р. ХОДОСЕВИЧ,**
**тепловоз депосының операторы.**

Тәрбие тақырыбына

# Балаларды семьяда тәрбиелеудің кейбір мәселелері

Советтік патриотизм дегеніміз өз халқын, Коммунистік партияны шексіз сүйіп, социализм мен демократияның жауларын мейлінше жек көру болып табылады. Егер де жастарымыз өз Отанын шексіз сүйіп, халқымыз бен партиямыздың жауларын жек көруді үйреніп отырса коммунизм орнату жолындағы ұлы күрестерде үнемі жеңіп шығады.

Балаларда патриоттық дәстүр өте жақсы оқу, саналы тәртіпті болу арқылы қалыптасады. Жас ұрпақтарды советтік патриотизм рухында тәрбиелеу мектептердегі мұғалімдер мен семьядағы ата-аналардың алдына зор міндеттер қояды. Жас балаларды қоғамдық еңбекті сүюге және өте жақсы оқуға үйрету тек қана мектептің ісі емес, сонымен қатар ата-аналардың алдында тұрған абройлы міндеттердің бірі.

Бірақ біздің мектептеріміз бен семьяларымыз жастарды советтік патриотизм рухында тәрбиелеу ісінде әлі де көп жұмыстар істеуге тиіс. Мектеп пен ата-аналар жастарды еңбекке, өте жақсы оқуға тәрбиелеуде әлі де жақсы нәтижелерге жете алмай отырғандықтары үстіміздегі оқу жылының алғашқы тоқсанының қорытындысында айқын көрінді. Мәселен, қаладағы Герцен атындағы № 6 орта мектептің оқушыларының үлгеруі бірінші тоқсанда 62 процент ғана болса, Киров атындағы № 2 орта мектеп оқушыларының 53 проценті үлгермеді.

Бұл мысалдар ата-аналар мен мектептердің алдында әлі де болса жастарды еңбекке тәрбиелеу ісінде көп жұмыстар істеуге тиіс екендігін көрсетіп отыр. Патриотизм іс үстінде көрінеді, сондықтан советтік патриотизм жөнінде сөз болған жағдайда жастарды мектепке өте жақсы үлгеруге, оларды үйдегі және қоғамдық жұмыстарға белсене араласуға үйретуді ескерген жөн.

Жас кезінен бастап балаларды еңбек етуге дағдыландыру олардың қиыншылықтардан қорықпауларына және кездескен қиыншылықтарды жеңіп шығуларына жол ашады. Еңбекке дағдыландыру —ең алдымен ата-аналардың міндеті. Міне, сондықтан да балаларды жас басынан еңбекті сүйе білуге үйретуді ата-аналар естерінен шығармаулары керек.

Біздің мектептерімізде қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын және еңбекті сүйіп, берілген тапсырмаларды ынталана орындайтын оқушылардың саны жүздеп, мыңдап кездеседі. Оған дәлел — үстіміздегі жылдың күзінде Киров атындағы № 2 орта мектептің облысымыздың колхоздарында жұмыс істеген 117 оқушысына қажырлы еңбектері үшін алғыс жарияланып, олардың көпшілігі сыйлықтар алды.

Бірақ біздің кейбір семьяларымыз өздерінің балаларын еңбек ете білуге тәрбиелеу ісіне жете көңіл аудармайды. Сондықтан да кейбір жастарымыз коллективті түрде қоғамдық жұмыстар атқару кезінде неғұрлым жеңіл жұмыстарға ұмтылады, қиыншылықтардан қорқады. Мұндай фактілер келешекте біздің жастарымыздың арасында кездеспеулері үшін әсресе ата-аналар балалардың үй шаруашылығының қандай жұмыстарын болса да орындауларын талап етіп және еңбектің қоғамымыздағы зор маңызын оларға жете түсіндіріп отырулары керек. Міне, сонда ғана біз жастарымызды еңбекті сүюге тәрбиелей отырып, олардың адамдарымыздың мінез-құлқына, салтына жат, біреудің есебінен күн елту, қорқақ, басқалардың еңбегін қадырлей білмейтіндік сияқты әрекеттерден аулақ болуға үйретеміз.

Коммунистік тәрбиенің негізгі саласының бір түрі жастарға қоғам мүлкін ұқыптылықпен сақтай білуді, оны қорғауды үйрету болып табылады. Біздің жастарымыздың қоғам мүлкін және өзінің жеке мүліктерін сақтай білуі оларды ұқыптылыққа тәрбиелейді, бұл жағдай жастарға келешекте өндіріс құралдарын ұқыптылықпен пайдалануды, мемлекеттік-халықтық мүліктерді қорғауды, сақтауды үйретеді.

Совет адамдарының ең жоғарғы қасиеттерінің бірі—саналы тәртіпті болу. Жастарды саналы тәртіптілікке үйрету — адамгершілікке тәрбиелеудің негізі. Совет семьясында жастарға советтік тәртіпті, қоғамдық ережелерді түсіндіріп отыру оларды үлкендерді сыйлай білуге және өзінің барлық тілектері мен талаптарын, қимылдарын қоғамның мүддесі мен талаптарына байланыстыра жүргізуді үйрету қажет. Саналы тәртіпті болу коммунистік қоғам орнатуда еңбек ететін адамдардың жаңа табыстарға жетулеріне мүмкіндік туғызады. Біздің социалистік қоғамымызда еңбекке коммунистік көзқарастың болуы саналы тәртіптің нәтижесі болып есептелінеді.

Айта кету керек, кейбір ата-аналардың жастарды адалдыққа, шындыққа тәрбиелеудің орнына, балаларды өтірік айтуға, олардың қандай да болмасын шындықты батыл мойындамайтын, басқалардың шындық пікірлеріне сенбейтін болуларына өздері себепші болады. Мәселен, біздің мектептің жетінші класс оқушысы Юриктің ата-анасы баланың сабақтан қалай үлгеріп жүргенін тексергенде оқушының оларды үнемі алдап жүргендігі анықталды. Юриктің ата-анасы оның неге өтірік айтқандығы жөнінде баладан сұрай бастағанда үй ішіндегі телефон қоңырауы соғылды. Бұл кезде диван үстінде жатқан Юриктің әкесі орнынан тұруға ерініп, баласына телефонды тыңдап, егер де сұрай қалса, әкем үйде жоқ деп айтуды тапсырды. Ал, ата-ана балаға өтірік айтуды өздері үйретсе, келешекте баладан шындықты сөйлеуді талап ете алмайды.

Балаларды шындыққа, адалдыққа тәрбиелеуге ата-аналардың өздерінің әрбір сөздерін шындықтың негізінде сөйлеп, балалардың қандай да болмасын шындықтың бетіне тура карауды талап етіп отыруларының маңызы зор.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің тағы да бір негізгі саласы ер балалар мен қыз балалардың арасындағы достық қарым-қатынасты және олардың бір-біріне дұрыс, тең қатынас жасауын ұйымдастыру екендігі мәлім. Бұл жағдайда ата-аналардың өзара бір-бірімен қатынасы және семьядағы үлкен адамдардың бір-бірін сыйлауы, бір-бірін қолдауы сияқты жақсы істері балаларға үлгі болады. Әсресе үлкен адамдардың семья мүшелеріне, семьядағы әйелдерге сыйлаушылық көзқарастары қыздар мен ер балалардың арасындағы достық, туыстық татулық сияқты жақсы қатынастардың қалыптасуына өте пайдалы.

Жасыратыны жоқ, кейбір семьяларда ер балалар мен қыз балаларды тәрбиелеу ісі екі басқа болады. Ондай семьялар ер баланы өте жоғары бағалап, оның барлық талаптарын түгелдей орындайды. Ер баланы қыз баладан гөрі артық санайды. Мұның өзі ер баланың келешекте өзін басқа адамдардан артық санап, мен-менсіпкке салынып, қыздар мен әйелдердің қоғамдағы алатын орнын бағаламауларына әкеліп соғады.

Жас балалардың оқуға, қоғамдық тәртіпке ойдағыдай араласуы семья мүшелерінің социалистік қоғам өміріне белсене араласуына тығыз байланысты. Өйткені семьядағы ересек адамдар өз мекемесіндегі немесе фабрика мен заводтағы тапсырмаларды орындауға белсене, ынталана араласса, бұл семьядағы оқушыға жақсы әсер қалдырады. Мәселен, оқушы Марияның әкесі заводта, үлкен ағасы қаладағы № 1 ауруханада дәрігер болып істейді. Ал оның шешесі облыстық қоғамдық мекемелердің бірінде қызмет атқарады. Жұмыс соңы аяқталысымен бұл семьяда өздерінің еңбек табыстары сөз болады. Мәселен, Марияның әкесі өзінің әр күн сайын екі нормадан орындап жүргендігін, анасы өз мекемесіндегі атқарған қызметі жөнінде және совет адамдарына жасалған зор қамқорлық туралы әңгімелер айтады. Ал мұндай әңгіме кезінде Марияның дәрігер ағасы өзінің сәтті шыққан операциялары туралы сөз қозғайды. Бұл әңгімелердің бәрі де олардың күн сайын қоғам өміріне қаншалықты араласып отырғандықтарын және олардың әр күнгі табыстарын көрсетеді. Бұл кезде Мария өзінің звеносындағы пионерлермен әңгіме өткізіп, звено мүшелерінің түгелдей «4» пен «5» ке оқуға міндеттеме алғандықтарын әңгіме етеді.

Міне бұл семьядағы жақсы тәрбие оқушының өте жақсы оқып, адал, шыншыл, қоғам мүлкін сақтай білетін және өз Отанын, советтік адамдарды шексіз сүйетін, еңбек сүйгіш адам болып шығуына жақсы әсер етіп отыр.

Біздің болашағымыз —жас ұрпақтарды өмірге, дүниеге деген материалистік көзқарасты қалыптастыру— совет мектептерінің оқу-тәрбие жұмысының негізгі мақсаты. Бұл жөнінде семьяның алатын орны да үлкен. Бізде мектептерде өтілетін әрбір пән ғылми дәлелдерге негізделген анықтамалар арқылы түсіндіріледі, әрбір оқытушы жастардың әлем құбылыстарын материалистік тұрғыдан тануларына көмектеседі.

Кәзіргі кезде әрбір тәрбиелі семьялар жастардың материалистік көзқарастарының нығая беруіне көп көмектесіп келеді. Балалар үшін түсініксіз құбылыстарды оңай мысалдар арқылы түсіндіріп, балалардың кейбір құрылыстар мен заттар жөніндегі көмескі түсініктерін анықтап, оны даму заңдылығы тұрғысынан дәлелдеп береді. Жастарды материалистік көзқараста тәрбиелеудегі мұндай мектеп пен семья арасындағы бірлік тәрбие жұмысының ойдағыдай нәтиже беруіне көмектеседі.

Алайда біздің арамызда сана- сезімі артта қалған, ескі діншілдік сенімдегі адамдардың бар екендігі мәлім. Семьядағы мұндай адамдардың шіркеуге, мешітке барып, құдайға құлшылық етулері, өмірдегі әрбір құбылысты ескі көзқарас негізінде түсінулері сол семьядағы жас балалардың өмір құбылыстарын материалистік тұрғыдан тануларына керісінше әсерін тигізеді. Сондай-ақ адам санасында қалған буржуазиялық идеологияның сарқыншақтары, мәселен, әйелдерді тең бағаламау, маскүнемдік, жоққа сенушілік жастарымыздың коммунистік қоғам орнатудағы ұлы міндеттерге белсене араласа алмауларына себеп болып, кейбір жағдайларда ескілік сенімдер, әдеттер біздің табыстарымыздың онан әрі молая беруіне кедергі келтіреді.

Семья жас ұрпақтарымызды қандай да болмасын ескі сенімдерге берілуден, капитализмнің зиянды сарқыншақтарынан сақтап, олардың табиғаттың даму заңдылықтарын, өмір құбылыстарын материалистік тұрғыдан танып, келешекте халық мақсатының белсенді күрескерлері болуларына көмектесуге тиіс.

Балаларды жоғары мәдениеттілікке тәрбиелеу ісі семьядағы ересек адамдардың бұл жөнінде үздіксіз көп жұмыстар атқаруларын талап етеді. Ата-аналар және семьядағы ересек адамдар жас өспірімдерді басқа адамдармен дұрыс қатынас жасауға, қарттарды сыйлай білуге, өзінен кішілерге қамқорлық жасап, сыпайы болуға, тәртіп бұзбауға үйретіп отыруға тиіс.

Коммунистік партия мен Совет Үкіметі біздің халқымыздың алдына жас ұрпақтарымызды жоғарғы мәдениетті, білімді адамдар етіп тәрбиелеуге үнемі көңіл бөліп отыру міндетін қойып келеді. Сондықтан әрбір совет семьясы жастарды тәрбиелеу ісін үнемі қажырлылықпен, ұқыптылықпен жүргізіп отыратын болсын.

**С. БЕЕВ,**
**қаладағы Киров атындағы № 2 орта мектептің мұғалімі.**

# СОВЕТ АУДАНЫНДА

### *Трактор жөндеудің озаттары*

Сартомар МТС-нің механизаторлары партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, тракторларды, ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеуді қарқынды жүргізуде. Жөндеуші механизаторлар октябрь айының жоспарын трактор жөндеуден 110 процент, сеялка жөндеуден 120 процент етіп артығымен орындады. Осы МТС-те ноябрь айының өткен 20 күні ішінде 19 трактор, 46 сеялка және басқа да тіркеу саймандары жөндеуден өтті.

МТС коллективі Қостанай облысы механизаторларының машина-трактор паркін көктемгі егіске үлгілі әзірлеу жөніндегі бастамасын және булаевтықтардың үндеуін өндірістік жыйналыста талқылап, өздеріне көтерінкі міндеттемелер қабылдады. Жоспар бойынша төртінші тоқсанда 45 трактор жөндеу керек болса, механизаторлар жоспардан тыс тағы да 10 трактор жөндеп шығаруды ұйғарды. Жаңа жылға дейін қолдағы барлық тіркеу саймандары да толық жөнделіп болмақ.

Съезд құрметіндегі жарыс жөндеушілер арасында өндірістік жаңа өрлеу туғызуда. Бұл күндері жөндеу жұмыстарындағы механизаторлар өздерінің алған міндеттемелерін орындау жолында барлық күш-қабілетін жұмсап келеді. Ұста И. Суцко, механизаторлар Коломеец, Санник, токарь Вагнер жолдастар күнделікті тапсырманы 1,5 еседен орындап жүргендер.

### *Мәдениет ошақтары*

Ауданда мәдениет орталықтарының саны жыл сайын көбейіп келеді. «Красное поле», «Красный полтавец», Ленин атындағы және басқа колхоздарда мәдени-ағарту мекемелерін қысқа үлгілі әзірледі. Күнілгері бұл мақсатқа қаржы бөлініп, қар түскенше кітапханалар мен клубтар жөндеуден өткізілді, қысқы отынмен қамтамасыз етілді.

Мәдени мекемелер ауыл-село мәдениетінің орталығына айналуда. Бұларда ағымдағы мәселе жөнінде және ауыл шаруашылығы тақырыптарында сұрақ, жауап кештері өткізіледі және түрлі тақырыпта лекциялар оқылып тұрады. Кітапханалардың кітап қоры өскен сайын кітап оқушылар саны да көбейе түсіп отыр.



Облысымыздағы жаңадан ұйымдастырылған Черкасск астық совхозында.

СУРЕТТЕ: жаңадан қоныстанған ағаш шебері Иван Дмитриевич Журанның зайыбы Валентина өздерінің үйінде радио тыңдап отыр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

### *Жоғары сортты тұқым*

Ауданның Ленин атындағы, Каганович атындағы колхоздарының колхозшылары келесі жылғы егіс қамын ерте ойлап, жеткілікті тұқым қорын дайындап қойды. Колхозшылар партияның XX съезі құрметіндегі жарыс туын жоғары көтеріп, еңбек өрлеуін барған сайын өрістетуде. Қолда бар тұқым тегіс тазартылып, оның сапасы жақсартылды.

Ленин атындағы колхоздың егіншілері айырбасталуға тиісті тұқымдық дәнді партияның XX съезі ашылу күніне дейін аяқтап шығуға міндеттенді. Каганович атындағы колхозда келесі жылдың егісі үшін жеткілікті тұқым қоры дайындалды. Ауданның басқа колхоздары да тұқым әзірлеумен бірге, қар тоқтатуға әзір отыр. Жергілікті тыңайтқыштарды дайындап, оларды өңделетін участоктерге тасуда да ілгері басқандық бар.

### *Совхоз көркемөнерпаздары*

Черкасск астық совхозы ұйымдасқалы аз-ақ уақыт өтті. Өткен апрель айынан бері тың далада жақсы совхоз поселкесі пайда болды. Совхоз тұрғындары жаңа құрылыстар салып, тың игерумен бірге, өздерінің рухани тілегін де ұмытқан жоқ. Комсомолецтер мен жастардың инициативасы бойынша совхозда көркемөнерпаздар үйірмелері ұйымдастырылып, олар іске қосылды. Совхоз дирекциясы мен партия ұйымы көркемөнерпаздардың жұмысына күнбе-күн көңіл бөліп, оларды музыка аспаптарымен қамтамасыз етті.

Көркемөнерпаздардың саны кәзір 20-дан асты. Олар жазғы дала жұмыстары кезінде де, кәзір де совхоз тұрғындары алдында концерттер қойып беруде. Жақында көркемөнерпаздар Смирново поселкесінде концерт қойды. Оған көптеген поселке тұрғындары қатысып, совхоз көркемөнерпаздарының концертіне разылық білдірді.

### *Сауда орындарында*

Ауданның сауда орындары еңбекшілердің қажеттерін тыңғылықты өтеп, олардың тілегіне сай жұмыс істеуде. Көптеген сауда орындары айлық, тоқсандық жоспарды үнемі асыра орындап жүр.

Шнуровка селолық магазинінің сатушысы Зайцева жолдас өз жұмысына асқан ұқыптылықпен қарап, еңбекшілер қажетін өтеуге белсене атсалысуда. Ол 9 айдың жоспарын 111 процент орындады. Сондай-ақ, октябрь айының, ноябрь айының бірінші жартысының жоспары да артығымен орындалып отыр.

Ивановка селолық магазинінің қызметкерлері де «Красное поле» колхозының тұтынушыларын қажетті азық-түлік және өндіріс товарларымен қамту жолында айтарлықтай еңбек етуде. Селолық магазин жоспарды айдан-айға артығымен орындап келеді.

**Қ. ТІЛЕУЖАНОВ.**

## „Ленин туының" дабылынан кейін

### „Орта цифрдың көлеңкесінде"

«Ленин туы» газетінің үстіміздегі жылғы 8 октябрьдегі номерінде осы тақырыппен жарияланған мақалада Октябрь ауданының Чапаев атындағы колхозында мал шаруашылығын өркендетудің мүмкіншіліктері толық пайдаланылмайтындығы сыналып, мал қыстатуға әзірліктегі кемшіліксы салынып, екі ескі қораны жөндеу және жылыту жұмыстары аяқталды. Фермаларда жұмыс істейтін үгітшілер құрамы қайта толықтырылып, коммунистердің жауапкершілігі арттырылды. Аудандық комитеттің нұсқаушылар тобы да газет сынын дұрыс деп тауып, мал шаруашылығына басшылықты жақсарта бастады.

### №2 тігін фабрикасы

партия ұйымының секретары Коньков жолдас редакцияға мынаны хабарлады:

Мақала партия ұйымының, цехтағы кәсіподақ ұйымының жыйналыстарында талқыланды, онда көрсетілген кемшіліктер толығынан анықталды. Кәзір кемшіліктерді жоюдың нақтылы шаралары қолданылып жатыр.

### „Ескеретін жағдай"

## Совет ауыл шаруашылығы қызметкерлері тобының АҚШ-қа жүріп кетуі

25 ноябрьде совет ауыл шаруашылығы мамандарының бір тобы Москвадан АҚШ-қа жүріп кетті. Топты СССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылми-техникалық ынтымақ басқармасы бастығының орынбасары И. Е. Емельянов басқарады.

(ТАСС).

## Нью-Йорк газеттері Д. Ойстрахтың концерттері жайында

НЬЮ-ЙОРК, 25 ноябрь. (ТАСС). Нью-Йорк газеттері 23 ноябрьде «Карнеги-холл» концерт залында болған, СССР халық артисі Давид Ойстрахтың екінші концерті туралы мадақтаған пікірлер білдіруде.

«Нью-Йорк Геральд трибюн» 23 ноябрьдегі кеште Ойстрах «оның Америкадағы дебюті жөнінде жазылғандардың бәрін, сонымен қатар Европадан және Совет Одағынан соңғы он жыл бойына түскен хабарлардың бәрін дәйектеп берді» деп жазады. Газет әсересе Ойстрахтың Бетховеннің және Брамстың шығармаларын орындауын мақтайды және Прокофьевтің сонатын орындаған кезде «әрбір нота, әрбір такт, әрбір музыкалық фраза асқан шеберлікті және өте терең көркемдікті сыпаттады» деп жазады.

«Ойстрах — өз ісінің шебері және біздің қалаулы қонағымыз» деп жазады газет қорытындысында.

Нью-Йоркте шығатын «Дейли ньюс» газеті Ойстрахтың Рочестерде (Нью-Йорк штаты) болуға тиісті концерті мемлекеттік департаменттің совет азаматтары үшін тыйым салу аймағы системасын енгізу себепті болмай қалу фактісіне назар аударады. Газет Ойстрахты шақырған «Рочестер азаматтық Ассоциациясының» бұл туралы хабарлағанын жазады. «Нью-Йорк таймстың» хабарлауына қарағанда, осы ассоциацияның секретары Ойстрахтың Рочестерге келе алмауына жұрт алдында назалангандық білдірген.

## Варшавада Адам Мицкевич музейінің ашылуы

ВАРШАВА, 25 ноябрь. (ТАСС). Адам Мицкевичтің қайтыс болуының жүз жылдығына байланысты бүгін Варшавада ұлы ақынның музейі ашылды.

Варшавада қалпына келтірілген үйлердің бірінің бірнеше залында Адам Мицкевичтің өмірі мен творчестволық қызметін баяндайтын көптеген экспонаттар қойған. Музей материалдары ақынның Россияның алдыңғы қатарлы адамдарымен тығыз байланыста болғандығын, оның орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкинмен достығын көрсетеді. Музейде сонымен қатар Адам Мицкевичтің дүние жүзінің көптеген елдерінде жарияланған шығармаларының экспонаттары қойылған.

## Француз коммунистеріне таңылған „іс"

ПАРИЖ, 23 ноябрь. (ТАСС). Кеше Парижде Париж еңбекшілерінің американдық генерал Риджуэйдің Парижге келуіне қарсы 1952 жылғы 28 майда жаппай демонстрация жасауына байланысты таңылған «коммунистік қаскүнемдік» деп аталатын «істі» тыңдау басталды. Сол кезде Жак Дюкло бастаған депутат коммунистердің бір тобын сот жауапкершілігіне тартуға әрекет жасалған болатын. Алайда, сот орындарының бұл депутаттарды парламенттік праволарынан айыру туралы талабын ұлттық жыйналыс қабылдамай тастаған болатын.

Бұл антикоммунистік «іс» бойынша 21 адам, оның ішінде Морис Торездің баласы және Жак Дюклоның өз шоферi жауапқа тартылады. Олардың барлығы «полицияға бағынбағандығы үшін» айыпталады. Сот процесі екі күнге созылады.

## Новозеландия газеті бактериологиялық және химиялық соғыс насихатына қарсы наразылық білдіруде

ПЕКИН, 25 ноябрь. (ТАСС). Синьхуа агенттігінің хабарлауына қарағанда, Новозеландияның апта сайын шығып тұратын «Пиплс войс» газеті АҚШ-та жүргізіліп билеушілерінің жуырдағы хабарына түсінік бере келіп, газет былай деп жазады: бүкіл дүние жүзінің халықтары өзінің бейбітшілікке, халықаралық проблемалар

## СПОРТ

### Шахмат турнирі

Мемлекеттік мекемелер қызметкерлері кәсіподағының кітапханасында «Буревестник» ерікті спорт қоғамы бойынша шахматтан бірінші орын алу жарысы өткізілуде. Бұл турнирге қоғамның және облысымыздың күшті шахматшылары қатысуда.

Кәзір жарыстың төрт туры өткізілді. Төртінші турда шахмат тақтасында жарыстың бірінші разрядты лидерлері Брижак — Голяк кездесті. Екі шахматшы да өздерінің спорттың бұл түрі бойынша шеберліктерін көрсетті. Партия шиеленіскен жағдайда кейінге қалдырылды.

Ивановский Чинишловты, Лебедов Коцурды, Омаров Ротмистровскийді ұтты. Төртінші турдан кейін бірінші разрядты Ивановский 3,5 Брижак пен Голяк 3 ұпайдан алды. Жарыс одан әрі созылуда.

**Ю. КОПНОВ,**
жарыстың төрешісі.

### Техникум командасы бірінші орында

«Энергия» стадионының спорт залында «Урожай» ерікті спорт қоғамы бойынша волейболдан қыста бірінші орын алу жарысы болып өтті. Бұл жарысқа «Урожай» қоғамының төрт төменгі физкультура коллективтерінің командалары қатысты.

Волейбол жарысын көру үшін «Энергия» стадионының спорт залына қаланың көптеген спортпен әуестенушілері келді. Екі күнге созылған волейбол жарысының қорытындысында қаладағы ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумының бірінші командасы бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынға да осы техникумның спортшылары ие болды. Алдыңғы орындарға ие болған командаларға «Урожай» ерікті спорт қоғамының грамоталары және жекелеген спортшыларға бағалы сыйлықтар тапсырылды.

**К. ТӘКЕНОВ.**

### Төменгі физкультура коллективтері

Облысымызда спортпен әуестенуші жастардың саны күн санап көбейіп келеді. Кәзір облыста 25 мыңнан астам адамды қамтыйтын 498 төменгі физкультура коллективтері бар.

Үстіміздегі жылы Торанғұл, Ленин, Тимирязев атындағы, Булаев совхоздарының, сондай-ақ, Шағлы және Суворов МТС-терінің төменгі физкультура коллективтері айтарлықтай табыстарға жетті. Аталған коллективтерде жеңіл атлетика, шахмат коньки және басқа спорт секциялары үзіксіз жұмыс істейді.

Төменгі спорт коллективтерінде оқу-спорт жұмысы да едәуір жақсарды. 350 төменгі физкультура коллективтерінің

дық комитетінің Коновалов МТС-сі аймағындағы секретары Телюк жолдас редакцияға былай деп хабарлады:

Мақала колхоз партия ұйымының жиналысында талқыланып, онда көрсетілген кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шаралар белгіленді. Партия ұйымы жиналысының қаулысын іске асыра отырып, колхоз басқармасы мал қыстатуға әзірлік жөнінде едәуір жұмыс жүргізді. 1500 бастық жаңа қой қорасы, 1000 бастық қозы қора-

## „... фабрикасының тиімді жұмыс істеуі үшін“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 10 сентябрьдегі номерінде осы тақырыпта жарияланған мақалада өнімнің қатаң график бойынша біркелкі шығарылмайтындығы, жұмыстың асығыс- үсігіс істелетіндігінен өнімнің сапасы төмен болып, ақау жіберілгендігі, социалистік жарыстың ұйымдастырылуы нашар екендігі жазылған-ды.

Бұл мақала жөнінде фабрика бастауыш

...

тағы номерінде осы тақырыпта жарияланған мақалада Преснов ауданы, Киров жетіжылдық мектебі мұғалімдерінің тұрғын үй, қысқы отынмен толық қамтамасыз етілмегендігі және мектепте оқулықтардың жетіспейтіндігі туралы жазылған-ды.

Редакцияға еңбекшілер депутаттарының Преснов аудандық Советі атқару комитеті мұғалімдердің тұрғын үйлермен және қысқа жеткілікті отынмен қамтамасыз етілгендігін хабарлады. Ал облыстық оқу бөлімі мектепке оқулықтарды жеткілікті етіп жіберген.

...

лық соғыс насихатын әшкерелейтін мақала жариялаған.

АҚШ-та бактериологиялық және химиялық қару-жарақ өндіруді интенсификациялау жөнінде американдық әскери

...

ды келіссөздер жолымен шешуге, жаппай қырып жоятын атом қаруына тыйым салу жөнінде өзінің ұмтылушылығын мәлімдей отырып, «адам төзгісіз бактериологиялық және химиялық қарудың қолданылуына төзіп отыра алмайды».

## Колумбиядағы су тасқыны

МОНТЕВИДЕО, 24 ноябрь. (ТАСС). Уругвай баспасөзінің хабарлауына қарағанда, Колумбияда нөсер жаңбырдың нәтижесінде Магдалена өзені тасып, Боливар, Магдалена және Атлантико департаменттерінің көптеген елді пункттерін су басып кеткен. Боливар департаментінде мыңдаған тұрғындар баспанасыз қалған. Момпос, Маганге және Эль Банко қалаларын толық дерлік су басып кеткен.

Егістіктер мен мал шаруашылығы үлкен зиян шеккен.

председательдері 567 қоғамдық нұсқаушылар және спорттың түр-түрі бойынша 700-ге жуық төрешілер даярланды.

**Е. ЕСКЕНОВ.**

## Разрядшылар саны көбеюде

Төменгі физкультура коллективтерінде ГТО-ның жаңа комплексі шыққаннан бері ГТО-ның бірінші және екінші дәрежелі значоктерін алған жастар саны біраз көбейді. Төменгі физкультура коллективтері 4 мыңға жуық значкистер дайындап шығарды. 626 спортшы спорт разрядтарын алды, оның ішінде 18 спортшы бірінші разрядшы, 216 спортшы екінші разрядшы спортшылар.

Облыстың төменгі физкультура коллективтері спортшылар мен разрядшылар санын көбейтіп, Москвада өтетін СССР халықтарының спартакиадасына қызу әзірленіп жатыр.

**К. МЕРГЕНОВ.**

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

# Ішкі ведомстволық финанс бақылауы жұмысын жақсарта берейік

Кәсіпорындарының, шаруашылық ұйымдардың және бюджеттегі мекемелердің жұмысында финанс бақылауын күшейту мемлекеттік тәртіпті нығайтуға, үнем тәртібін сақтауға және шаруашылық жұмыстарды бұрынғыдан да жақсарта түсуге көмектеседі. Мұндай бақылауды жүзеге асыруда ішкі ведомстволық финанс бақылауы зор роль атқарады. Өйткені ішкі ведомстволық финанс бақылауы кәсіпорынның, шаруашылық органдары мен бюджеттегі мекемелердің финанс-шаруашылық қызметінде орын тепкен кемшіліктердің бетін ашуға және ол кемшіліктерді біржолата жоюға көмектесуге тиіс.

Алайда қазіргі уақытта облыстық Совет аткомінің көптеген бөлімдері мен облыстық шаруашылық ұйымдары өздерінің ведомствосындағы мекемелер мен кәсіпорындарының финанс- шаруашылық қызметін бақылауды мүлде қанағаттанғысыз жүргізіп келгендігін атап өткен жөн.

Бұл ұйымдардың басшылары ішкі ведомстволық финанс бақылауына жете маңыз бермейді. Сөйтіп ведомстводағы мекемелер мен ұйымдардың финанс шаруашылық қызметіне дер кезінде тексеріс жүргізілуін қамтамасыз етпейді.

Мәселен, облыстық совхоздар басқармасында (бұрынғы бастығы Зинченко жолдас) екі ревизор-бухгалтер бола тұра 1954 жылы басқармаға қарасты 33 совхоздан небары 17 совхозда ғана тексеріс жүргізілген, ал жаңадан ұйымдастырылған 14 совхоздың бірде-бірінде жыл бойына, Степной, Тоқшын және Буденный атындағы совхоздарда тіпті 1953 жылдан бері тексеріс жүргізілмеген.

Ішкі ведомстводағы мекемелердің финанс-шаруашылық қызметін тексеру жұмысының жайы облыстық оқу бөлімі мен облыстық денсаулық сақтау бөлімінде де нашар екендігі байқалып отыр. Бұған дәлел ретінде облыстық оқу бөлімінің 1954 жылы ішкі ведомстводағы небары 8 мекемені, ал, 1955 жылдың 9 айы ішінде тек қана 8 мекемені тексерispен қамтығанын айтудың өзі-ақ жеткілікті.

Облыстық денсаулық сақтау бөлімі ведомстводағы мекемелерге тексеріс жүргізу жөніндегі жоспарды ешуақытта орындамайды. Мәселен, 1953 жылы ведомстводағы 35 мекемеден тек 9 мекемеде ғана тексеріс болған, ал соның өзінде ревизор-бухгалтер тексеру жұмыстарын небары 99 жұмыс күні ішінде аяқтаған. Ал, 1954 жылдың бірінші тоқсанында 82 жұмыс күні ішінде 5 мекемеге тексеріс жүргізген. Міне, бұл фактілердің өзі ревизор-бухгалтердің жұмыс уақытының басым көпшілігін тексеріс жұмыстарына ешқандай байланысы жоқ басқа жұмыстарды орындау үшін пайдаланғандығын көрсетеді. Мұнда тексеру жұмысының жайы үстіміздегі жылы да қанағаттанғысыз дәрежеде жүргізіліп отырғандығын айта кеткен жөн.

Облыстық оқу бөлімі мен денсаулық сақтау бөлімдері басшыларының тарапынан мемлекет қаржысының дұрыс жұмсалуына бақылау болмағандықтан олардың ведомствосындағы мекемелерде финанс занын бұрмалауға, мемлекет қаржысын орынсыз жұмсауға және кейбіреулердің жеке басының мүддесіне пайдалануына жол берілген. Мәселен, облыстық оқу бөлімінің ведомствосындағы төрт мекемеге тексеріс жүргізгенде 36,4 мың сом мемлекет қаржысының заңсыз жұмсалғандығы анықталды. Педучилищенің бас бухгалтері А. Ивания есепші-кассир Лушниковамен бірлесіп 6200 сом мемлекет қаржысын түрлі жолдармен өздері немденген, осы жылғы январь айында 2200 сомға сатып алынған 36,5 текшеметр отынды кіріске алмаған.

Ал Архангель балалар үйінің директоры В. Гроздов балаларды асырау үшін берілген қаржыдан 850 сом қаржыны атшыға, күзетшіге, қойма меңгерушісі мен шаруашылық бөлімінің меңгерушісіне және басқаларға «жұмысты жақсы істегені» үшін сыйлыққа берген. Бірақ Гроздов жолдас финанс тәртібін осылайша бұрмалай отырып, қойма меңгерушісі Никитинге сыйлық бергенде оның қоймадағы 1152 сомның азық- түлігін талан-таражға салғандығын да ескерменті.

Мемлекет қаржысын заңсыз жұмсау және өз мақсатына пайдалану фактілері қалалық өнеркәсіп орындары ауруханасы мен қалалық ауруханада да байқалып отыр.

Жоғарыда келтірілген фактілер облыстық Совет аткомінің аталған бөлімдері мен шаруашылық ұйымдары басшыларының ішкі ведомстволық бақылау ісімен әлі күнге жете шұғылданбай келгендігін көрсетеді.

Тексерістің және басқа да жұмыстардың табысты болуын кадрлар шешеді. Сондықтан ревизорларды іріктеп алудың оларды орналастырудың және тәрбиелеудің зор маңызы бар. Әсресе бақылау-тексеріс жұмыстарын жүргізуге беделді, тәжрибелі, өткір және мемлекет мүддесін сақтауға икемді, қолынан іс келетін адамдар тағайындалуға тиіс.

Тексеріс жүргізгенде де және тексерістің материалдарын жазғанда да айтарлықтай кемшіліктерге жол беріліп жүр. Тексеріс кейде атүсті жүргізіледі. Бухгалтер- ревизорлар экономикалық мәселелер бойынша тексерісті терең жүргізуге нашар әзірленеді. Тексеріс жүргізілген кәсіпорны мен ұйымның финанс- экономикалық жағдайына анализ жасамайды, олардың өндірістік жоспарларды орындамау себептерін ашпайды, тіпті совет заңының бұрмалануына жол беріліп отырғандығын әшкерелемеу сияқты фактілер де жиі кездеседі. Тексеріс материалдары сауатсыз жазылады, тексеріс актлерінде қажеті жоқ цифрлар көп жазылып, көптеген керексіз анықтамалар тіркеледі.

Мынадай бір мысал келтірейік. Облыстық жергілікті және отын өнеркәсібі бөлімінің ревизор-бухгалтері Ланщиков жолдас Приешім және Ленин аудандық өндіріс комбинаттарында 138 күн бойына тексеріс жүргізген. Осындай ұзақ уақыт командировкада болғанның өзінде ол аталған өндіріс комбинаттарының финанс-шаруашылық қызметіне дұрыс анализ жасап, олардың өнімнің түр- түрі бойынша өндірістік жоспарларды орындамай келген себебін аша алмаған. Ал осы тексерісте жүрген адамға еңбекақыдан тыс 2 мың сомнан аса тәуліктік ақы төленген болар.

Мұнда мынадай бір жағдайды айта кеткен жөн. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында СССР Финанс министрлігінің бақылау- тексеріс басқармасының аппараты Приешім аудандық өндіріс комбинатына тексеріс жүргізді. Бұл тексерісте мұнда 9,3 мың сом қаржының талан-таражға салынғандығы және орынсыз жұмсалғандығы, оның ішінде комбинат бухгалтерінің әртүрлі жолдармен 4,2 мың сом қаржыны өзі пайдаланғаны анықталды. Ал ведомстволық ревизор Ланщиков жолдас бұл фактілердің бірде-бірінің бетін аша алмаған-ды.

Кейбір тексеріс актілерінің сауатсыз жазылуынан және тексерісті тәжрибесі аз адамдар жүргізгендіктен кейде тексеріс актілерінен бірер қорытынды шығарудың өзі қиынға соғады. Мәселен, Возвышен совхозының бухгалтері Д. Ряхиннің Қарағанды совхозында жүргізген тексерісі жөніндегі актіде 1954 жылдың 11 айы ішінде совхозда 358 шошқа өлген және лажсыздан сойылған деп жазылыпты. Бірақ тексеріс жүргізуші шошқаның осыншама көп шығын болуының себебін және оған кінәлі адамды ашып көрсете алмаған.

Бірқатар реттерде тексеріс материалдарынан дер кезінде тиісті қорытынды шығарылып, ол бойынша тиісті шара қолданылмайды. Мәселен, облыстық «Заготзерно» мекемесінің басқарушысы Тоқшын элеваторында жүргізілген тексерістің нәтижесі бойынша тексеріс аяқталғаннан кейін тек 85 күн, ал Степной дайындау пункті жөнінде 62 күн өткен соң ғана бұйрық берген.

Тексерістің пайдалы және әсерлі болуы тексеріс нәтижесі бойынша белгіленген шаралардың орындалуын бақылау ісінің дұрыс жолға қойылуына байланысты. Ішкі ведомстволық бақылаудың жұмысындағы негізгі бір кемшілік міне осында. Тексеріс жүргізілген мекеме басшыларының тексеріс нәтижелері бойынша берілген бұйрықтар мен тексеріс жүргізген ревизордың ұсыныстарын қалай орындап отырғандығы нашар тексеріледі. Көп реттерде тексеріс нәтижелері бойынша берілген бұйрықтарда тексерісте байқалған кемшіліктерді жойғандығы жөнінде есеп беруге тиісті мерзімі де көрсетілмейді. Соның салдарынан тексеріс кезінде беті ашылған кемшіліктер мен бұрмалаушылықтар жойылмай қала береді.

Облыстық ұйымдардың, мекемелердің, басқармалардың және шаруашылық ұйымдардың басшылары КПСС XIX съезінің нұсқауларына және СССР Министрлер Советінің қаулысына сәйкес ішкі ведомстволық бақылау жұмысын негізінен қайта құрып, ведомстводағы мекемелерде, ұйымдар мен кәсіпорындарда жүргізілетін тексерістің сапасын мейлінше жақсартулары керек.

**М. ТАЙБОЛАТОВ,**

**СССР Финанс министрлігі бақылау-тексеріс басқармасының Солтүстік Қазақстан облысындағы бас бақылаушы- ревизоры.**


### мен киноларда

**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«ҚАРДАҒЫ ІЗ»**

Сеанстар кешкі сағат 5 және 7-де басталады.

**«КӨЛЕҢКЕ МЕН СӘУЛЕ»**

Сеанстар кешкі сағат 9 және 11-де басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«ҚЫЗЫЛ МЕН ҚАРА»**

**1-серия**

Сеанстар күндізгі сағат 11, 2-55 және 8-55-те басталады.

**II-серия**

Сеанстар сағат 1-10, кешкі 5-05, 6-50 және 10-45-те басталады.

**ЛЕНИН АТЫНДАҒЫ КЛУБТА**

**«РУХЫМЕН КҮШТІЛЕР»**

**Облыстық драма театрында**

28 ноябрьде **ЖАСТАР КЕШІ**

Ойын кешкі сағат 8-де басталады.

**Шағын литражды двигательдер заводына** түпкілікті жұмысқа үй сыпырушылар, кочегарлар, жүк тиеушілер КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Октябрь көшесі, 37-үй. Кадр бөлімі.



**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат— 1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы— 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02402 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.